



## РЕСЕЙ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ ӘРІ СЕНІМДІ ОДАҚТАСЫ

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин  
Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді.



Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинді елорда әуежайынан қарсы алды. Мәртебелі қонақты күтіп алу үшін әуежайда Құрмет караулы сап түзеді.

Одан соң «Ақорда» резиденциясында Ресей Президенті Владимир Путинді салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қарсы алу рәсімінен соң президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Қазақстанға сапармен келуге шақыруын қабыл алғаны үшін Владимир Путинге алғыс айтты.

— Бұл стратегиялық серіктестік пен одақтастыққа берік негізделген мемлекетаралық қарым-қатынасымыздағы өте маңызды оқиға екені сөзсіз. Сіздің қазақстандық ақпарат құралдарында жарияланған бүгінгі мақаланың мұқият оқып шықтым. Ал менің мақалам Ресей баспасөзінде жарияланды. Біз болашаққа бағытталған екіжақты ынтымақтастықты дамыту жөніндегі көшелі ойларымызды жан-жақты жеткіздік. Өз мақаламда Қазақстан осындай күрделі кезеңде Ресейдің сенімді стратегиялық серіктесі әрі одақтасы екенін және алдағы уақытта да бұл бағыттан айнымайтынын атап өттім, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Ресей екіжақты серіктестіктің оң қарқынын сақтап қана қоймай, оны еселей түскен. Осы күнгі келіссөздер қорытындысы бойынша қабылданатын 20 келісімнен тұратын маңызды құжаттар қос елдің тату көршілік және серіктестік рухындағы ынтымақтастығын одан әрі дамытуға тың серпін бермек. Олардың қатарында Бірлескен мәлімдеме және түрлі саладағы ықпалдастыққа қатысты құжаттар бар.

Өз кезегінде Ресей Президенті Владимир Путин қазақ жерінде көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

— Сізге зор ризашылығымызды білдіремін. Біз достас елдерміз. Қарқынды дамып келе жатқан іскерлік қарым-қатынасты да

қолдаймыз. Өзіндік жыл соңында Санкт-Петербургте өтетін ТМД аясындағы бейресми кездесуде күтемін. Сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты шараға шақырамын. Бұл — біздің ортақ жеңісіміз, — деді Владимир Путин.

Ресей Президенті екіжақты байланыстардың қарқынын жоғары бағалап, мемлекеттік сапарының мәні мен маңызына тоқталды.

— Ресей Қазақстанның ең ірі сауда-экономикалық серіктесінің бірі болып қала береді. Сауда айналымы өсті, был-

тыр оның көлемі 28,5 миллиард долларды құрады. Қазақстан экономикасына құйылған инвестиция 13 миллиард долларға жетті. Әрине, біз азаматтық қоғам, білім, ғылым және мәдениет бағытында дамып келе жатқан гуманитарлық байланыстарымызды бағалаймыз. Бұл тұрғыда Ресейде білім алатын шетелдік студенттердің басым бөлігін қазақстандық жастар құрайтынын айтсақ жеткілікті. Аймақаралық ынтымақтастық та табысты өрбіп келеді. Бүгін Уфада кезекті іс-шара өтіп жатыр, — деді Ресей Президенті.

Одан соң Мемлекет басшысы Ресей Президентімен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын құрамда өткен келіссөз қорытындысына оң баға беріп, оның барысында екіжақты күн тәртібіне қатысты барлық өзекті мәселе талқыланғанын жеткізді. Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономикалық байланыстарының қазіргі жай-күйіне назар аударды.

— Өзара сауда-саттық үздіксіз дамуда, таяу уақытта екіжақты тауар айналымын 30 миллиард долларға дейін жеткізуге мол мүмкіндік бар. Инвестиция саласында да оң үрдіс байқалады. Бүгінде жалпы инвестиция көлемі 18,3 миллиард доллар болатын 93 бірлескен жоба жүзеге асты. Соның нәтижесінде Қазақстанда 22 мыңнан астам жана жұмыс орны ашылды. Алдағы уақытта шамамен құны 29,5 миллиард доллар болатын және 20 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 49 жобаны қолға алуды жоспарлап отырмыз, — деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Владимир Путин Мәскеу мен Астана арасындағы ықпалдастық барлық бағыт бойынша белсенді өрбіп келе жатқанын мәлімдеді.

(Жалғасы 2-бетте)

### ТҮЙТКІЛ

## БАЛАБАҚШАЛАР БАСЫНА БҰЛТ ҮЙІРІЛДІ

Елімізде балабақшада 300 мыңдай орын тапшы. Шенеуніктердің ағат ісі осы тапшылықты жоюға емес, оны одан ары өршітуге соқтыруы мүмкін. Кәсіпкерлер «республика бойынша көптеген жекеменшік балабақша жаппай жабылады» деп дабыл қақты. Мәнісі мынау: жыл басынан жүрген тексерістер тұрғын үйге берілген жердің басқа мақсатқа жұмсалғанын анықтады. Яғни, баспана ретінде салынған коттедж бен үй артынша бизнес жүргізуге сатылған, жалға берілген. Оларда балабақша ашылған.

### МОРАТОРИЙ БІТТІ, БИЗНЕС МҰҢҒА БАТТЫ

Шағын кәсіпкерлерді «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы қорғауға тырысты. Оның мәліметінше, бір ғана Алматыда 700-ден астам балабақшаға қызметін тоқтату қаупі төнді. Айта кетер жайт, бұл қауіп мемлекеттік балабақшаларды айналып өткендей: оларды ғимаратпен жергілікті әкімдіктер қамтамасыз етеді және құжаттары дұрыс.

(Жалғасы 4-бетте)



Оңайгүл ТҰРЖАН, ақын:

## ОЛ ӨЛЕҢДЕРІН ЖАТТАП АЛУҒА «МӘЖБҮРЛЕЙДІ»

Тұнық жырдың қайнарындай, ар-намыстың қайрағындай болған Фариза Оңғарсынованың поэзиясы миллиондардың жүрегін жаулағаны рас. Қазақ әдебиетіне ол бөлек жыр боп енді. Қазақ әдебиетінің абызы Әбіш Кекілбаев жыр падишасы туралы: «Маған Құрманғазы өлең жазса, өзіне қай жағынан да жақын тұрған Махамбетше емес, бүгінгі Фаризаша жазатын сияқты, ал егер Фариза аяқ астынан композитор боп кетсе, тап Құрманғазыша сілтейтін тәрізді боп көрinedi де тұрады» деген екен. Алғашқы өлеңдерімен-ақ әдебиетші қауымды елең еткізген Фариза Оңғарсынова биіктерге самғап, бүгінде тұтас ұлттың құрмет тұтып, қадірлейтін ақынына айналған. Тірі болса, биыл жыр маржанының 85 жасын тойлар едік. Амал нешік?! Ақын Оңайгүл Тұржан бізге бүгін поэзия падишасы туралы әңгімелеп берді.

→ 6



### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

#### ТЕРІ ТЕККЕ ШІРУДЕ...

Мал шаруашылығынан мән кетіп, асылтұқымды малдың өзі жаппай сойылып жатқанын өткен сандарымызда жазғанбыз. Малдың етінен бөлек тері-терсегі мен жүнінің де, өкінішке қарай іс жүзінде сұраныстың болмауынан өңделмей, көп бөлігі қоқысқа кетіп жатқаны ащы болса да шындық.



→ 7

#### «САРМАТ» – ЖАС САРБАЗДАР ОРДАСЫ

Атырау өңірінде әскери-патриоттық бағытта білім беретін «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының жұмысын бастағанына биыл екінші жыл. Бір жыл ішінде өзін ерекше жетістіктерімен танытқан мектепте биыл оқушылар саны айтарлықтай өсіп отыр.



→ 8

### БАСПАСӨЗ-2025



## АІОҰН

АІОҰН республикалық  
қоғамдық-саяси газетіне  
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96  
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21





28 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

# РЕСЕЙ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ ӘРІ СЕНІМДІ ОДАҚТАСЫ



(Басы 1-бетте)

– Қазақстан – біздің стратегиялық серіктесіміз және сенімді одақтасымыз. Шағын құрамдағы келіссөз барысында екіжақты байланыстар аясында туындайтын проблемаларға назар аудардық. Ең бастысы, барлық сауалдың жауабын табуға ортақ ұмтылыс бар. Мен екі ел арасында шешілмейтін түйткіл жоқ екенін жақсы білемін. Ал мұндай ниеттестік үлкен жетістіктерге ұласады. Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан толайым табыстарға қол жеткізді. Біз бұған қуаныштымыз. Өйткені екіжақты ынтымақтастықтың ауқымы артып келеді. Қазіргідей қиындықтарға қарамастан, ықпалдастығымыз кенеде әрі қос тарапқа да тиімді, – деді Ресей Президенті.

Қос келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, отын-энергетикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық және мұнай-газ өнеркәсібі, энергия ресурстарының тасымалы, қаржы, білім беру, өнеркәсіп кооперациясы сынды тағы да басқа салалардағы ықпалдастықты дамыту перспективасын талқылады.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бейнебайланыс арқылы Қазақстан-Ресей XX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысына қатысып, сөз сөйледі. Қазақстан Президенті жиын қатысушыларына іттипат білдіре отырып, 20 жыл ішінде аталған форумның екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтатын тиімді алаңға айналғанын атап өтті.

– Сауда-экономика, инвестиция, өнеркәсіптік кооперация салаларындағы ынтымақтастық тұрақты өсіп келе жатыр. Шын мәнінде, тауар айналымы арта түсті. Былтыр оның көлемі 27 миллиард долларға жетті. Бұл ретте сыртқы саудамыздың 20 пайызға жуығы Ресейдің үлесіне тиесілі. Ресейден келетін тікелей инвестицияның жалпы көлемі 25 миллиард долларға жуықтады. Жыл сайынғы инвестиция мөлшері де айтарлықтай артты: былтырғы қорытынды бойынша екі есе, яғни 3 миллиард долларға дейін ұлғайды. Қазақстанда 23 мың ресейлік және бірлескен компания табысты жұмыс істеп жатыр. Бұл еліміздегі

шетелдіктердің қатысы бар кәсіпорындардың жартысына жуығын құрайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екі елдің түрлі саладағы ықпалдастығының негізгі бағыттарына тоқталды. Президенттің пікірінше, Қазақстан мен Ресейдің отын-энергетика саласындағы ынтымақтастығы мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Мәселен, «Лукойл» компаниясымен бірге «Каламхас теніз», «Хазар» ірі кен орындары игерілуде. Жобаға құйылатын инвестиция көлемі 6 миллиард доллардан асады. Бұдан бөлек, ресейлік өріптестер мұнай-газ химиясы жобаларын жүзеге асыруға белсенді атсалысуда. Олардың қатарында «Сибур» компаниясымен бірге 2022 жылы Орталық Азиядағы ең ірі полипропилен өндірісінің іске қосылғанын, бұл зауыттың жылына 500 мың тонна өнім өндіріп, ішкі нарықты ғана емес, Ресей, Қытай, Түркия және басқа да елдерге экспорттап отырғанын атай кетуге болады. Биыл қыркүйек айында жылына 1,2 миллион тонна полиэтилен өндіретін зауыт құрылысы басталды. «Татнефть» компаниясымен бірлесіп, қуаты жылына 340 мың тонна бутадиең шығаруға жететін жоба іске асырылып жатыр. Газ саласында да айтарлықтай табысқа қол жеткізілді. Ресей газы Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға алғаш рет тасымалдана бастады. «Газпром» компаниясымен Қырғызстанға көгілдір отын тасымалдау туралы келісімге қол қойылды. Сонымен қатар Ресейден Қазақстанға газ жеткізу мәселесі пысықталып жатыр. Осы ретте Мемлекет басшысы бір жыл бұрын Қазақстан мен Ресейдің энергетикалық жүйелерінің қосарлас жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы үкіметаралық келісімге қол қойылғанын еске салды.

– Көкшетау, Семей мен Өскемен қалаларындағы жылу электр станцияларының құрылысы бойынша нақты келісім жасалды. Серіктестігіміз жаңартылатын қуат көздері саласында да белсенді дамып келеді. Ресей тарапының қатысуымен елімізде жалпы қуаты 370 МВт болатын жобалар пайдалануға берілді. Қол жеткізілген уағдаластықтар аясында жақын арада 1 ГВт экологиялық таза қуат көзін іске қосу жоспарланған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президент биыл Өндірістік кооперация саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасының қабылданғанына бес жыл толғанын айтты. Аталған бағдарлама аясында жалпы инвестиция көлемі 18,5 миллиард долларға жуықтайтын 93 бірлескен жоба жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде 22 мыңнан астам жұмыс орны пайда болды. Сол сияқты агроөнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге де әлеует зор. Өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев бүкіл Еуразия кеңістігіндегі көлік-логистика құрылымын нығайтуды тағы бір басым бағыт ретінде атады. Мұның Қазақстан мен Ресей үшін стратегиялық мәні зор. Еліміз 2030 жылға дейін 11 мың шақырым жолды жөндеп, 5 мың шақырымнан асатын жаңа темір-жол салуды жоспарлап отыр.

– Елден тысқары жерлерде заманауи мультимодальді орталықтар мен «құрғақ порттар» желісін құруға басымдық береміз. Мұндай сәтті серіктестіктің бір мысалы – Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Селятино станциясындағы жаңа көлік-логистика орталығының құрылысы. Қытайдың Сиань қаласында жұрыда ғана салынған қазақстандық терминал транзит дәлізінің екінші қиырынан жүк жөнелтеді. Осылайша, Қытай – Қазақстан – Ресей бағытындағы жүк тасымалы жүйесінің негізгі тірек бекеттері пайда болады, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар Президент туризм секторын дамыту мәселесін қозғайды. Қазіргі уақытта Қазақстан 86 мемлекеттің азаматына визасыз режим ұсынады және әлемнің 31 елімен тікелей аэсу қатынасын орнатқан. Бұдан бөлек, басты демалыс аймақтарына көлік қатынасын жақсартуға арналған дәйекті шаралар қабылданып жатыр.

XX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары Дмитрий Патрушев, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының жетекшісі Ғалымжан Қойшыбаев сөз сөйледі.

Осыдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік универси-

тетінің базасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалын бірлескен іс-қимыл жоспары бар. Сонымен қатар Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында екі елдің аймақтары арасындағы және шекара маңындағы ынтымақтастығы жөнінде жаңартылған үкіметаралық бағдарламаға қол қойылды, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ресей – Қазақстанның ең басты сауда серіктестерінің бірі және экономикамызға қаржы құйған үш жетекші инвестордың қатарына кіреді. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастар тарихында Қазақстан да тұңғыш рет Ресейдің бес ірі сауда серіктесінің санатына қосылғанын мәлімдеді. Бұл екі елдің ынтымақтастық әлеуеті жоғары әрі берік екенін аңғартады.

– Осы оң динамика сақталса, бір-екі жылда өзара сауда-сааттық 30 миллиардтық межеге жететініне сенімдімін. Қазақстан экономикасына Ресейден келген тікелей инвестиция көлемі 24 миллиард доллардан асты. Соңғы екі жылдың өзінде 4,5 миллиард доллардан астам қаржы құйылды. Қазақстан да Ресей экономикасына қосмақты қаржы салды. Бүгінде оның көлемі 8,5 миллиард долларға жетті. Бұдан бөлек, Қазақстан ресейліктердің қатысы бар 24 мыңға жуық компания жұмыс істейді. Бұл – еліміздегі шетел капиталының үлесі бар жалпы кәсіпорын санының жартысына жуығы. Аталған қорытындылар стратегиялық қатынастардан одан әрі нығайтуға қос тарап та аса мүдделі және бір-біріне сенімді жоғары екенін растайды, – деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа арнайы шақырғаны және қазақ жерінде қорытынды сый-құрметі үшін алғыс айтып, сапарының қорытындысына оң баға берді. Оның айтуынша, сапар барысында жүргізілген келіссөздер Ресей мен Қазақстанның көпжақты ынтымақтастығын одан әрі дамытуға нақты ықпал етеді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Жаңа жаһандық тәртіп жағдайында стратегиялық әріптестікті тереңдету туралы бірлескен мәлімдеме қабылдады.

## ҚАЗАҚСТАН ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ БЕЛСЕНДІ ДӘРІПТЕП КЕЛЕДІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бір топ депутатпен бірге жұмыс сапарымен Португалия Республикасында болды. Сапар аясында палата Спикері Португалия Ассамблеясының Төрағасы Жозе Педро Агиар-Бранкумен кездесті. Онда тараптар парламентаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылап, алдағы бірлескен жұмыстың маңызды міндеттерін белгіледі.

Мәулен Әшімбаев Ассамблея Төрағасымен кездесуде екі елдің көпжоспарлы ынтымақтастығының мәніне назар аударды. Сондай-ақ ол парламентаралық байланыс екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі нығайтудың маңызды тетігі екенін айтты. Сенат Спикері былтыр БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Португалия Президенті Марсело Ребело де Соузаның кездескенін тілге тиек етті. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, бұл кездесу екі елдің де саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін білдіреді. Сонымен бірге ол Парламентаралық Одақ және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы сияқты халықаралық парламенттік ұйымдар аясында да жүйелі жұмыс жүргізуге дайын екенін жеткізді.



«Парламентаралық ынтымақтастық – Қазақстан мен Португалия арасындағы екіжақты қарым-қатынастың ажырамас бір бөлшегі. Сондықтан достық топтарына мүше депутаттардың өзара сапарларын ұйымдастыру және Сенат пен Ассамблеяның салалық комитеттері арасында байланыс орнату айрықша мәнге ие. Мұндай қадам парламентаралық ынтымақтастықтың дамуына айтарлықтай үлес қосады. Бүгінгі кездесу Қазақстан Парламенті мен Португалия Ассамблеясы арасындағы байланыстарды одан әрі дамытуға тын серпін береді деп сенемін», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда саяси және

әлеуметтік-экономикалық салаларда жүргізіліп жатқан кешенді өзгерістерге тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында жаңа экономикалық үлгінің негізгі қағидаларын белгілеп берді. Сол арқылы өңдеу өнеркәсібі, машина жасау, мұнай химиясы, көлік және логистика, туризм, ауыл шаруашылығы сияқты секторларға басымдық бере отырып, ұлттық экономиканы одан әрі әртарапандыруға арналған нақты міндеттер жүктелді. Осыған байланысты алдағы уақытта аталған салаларға шетелдік инвестиция тартуға мүдделіміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат кезінде сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланысты

кеңейту мәселелері де талқыланды. Бұл ретте «жасыл» экономика, инфрақұрылым, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, ғылыми-технологиялық қызмет сияқты салаларда бірлескен жобаларды іске асыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

«Португалия жасыл энергетика бойынша Еуропа елдері арасында көшбасшы екені белгілі. Біз сіздердің жаңартылатын энергия көздеріне қатысты тәжірибелеріңізге ерекше қызығушылық танытып отырмыз. Қазақстан Метан жөніндегі жаһандық келісімге қосылды. Алдағы уақытта екі ел де басымдық беріп отырған аталған бағытта нәтижелі ынтымақтастық орнатамыз деп үміттенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Өз кезегінде Жозе Педро Агиар-Бранку Португалия Парламенті көпжақты қатынастарды дамытуға мүдделі екенін айтты және Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси өзгерістердің тиімділігіне назар аударды. Сенат Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері сөзі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Португалия Республикасына сапары аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының 10-шы Жаһандық форумына қатысты. Іс-шара барысында адамзатты алаңдатқан өзекті проблемалар және оларды еңсеру жолдарын жетілдіру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ палата Спикері Форум алаңында БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерришпен және БҰҰ Өркениеттер альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратиноспен екіжақты кездесулер өткізді.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Жаһандық форумға қатысушыларға іттипат білдіріп, бүкіл адамзаттың игілігі үшін халықтар, мәдениеттер және діндер арасындағы диалогты ілгерілету жолында Альянстың миссиясы айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Өркениеттер альянсы елдер мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ жауласуды, алалауды және ксе-

нофобияны еңсеруге ықпал етеді. Біз алдағы уақытта да БҰҰ-ның өркениетаралық диалогты көздейтін мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға үлес қосуға дайынбыз. Альянстың мәдениеттерді жақындату, экстремизм мен терроризмге қарсы тұру, діни, нәсілдік және этникалық қатығыстардың алдын алу бағытындағы ұстанымын қолдаймыз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Спикері адамзаттың дамуы жолында бейбітшілік пен толеранттылық идеяларын ілгерілету үшін Қазақстанның халықаралық аренада белсенді қолданып келе жатқан тәсілдеріне тоқталды. Сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің сөзі мәдениетаралық және дінаралық диалог пен ынтымақтастықты дамытуға арналған жаһандық іске еліміздің қосқан үлесі екенін айтты. Шын мәнінде, халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйесі бүгінгі қалыптасқан ахуалға жеткілікті деңгейде сай келмейді. Мұндай жағдайда бейбітшілікті, келісім мен өзара сенімді нығайтуға арналған діни, саяси және қоғамдық көшбасшылардың бірлескен күш-жігері ерекше өзекті екені анық. Бұл Форум қазіргі таңда халықаралық қоғамдастықтың алдында тұрған іргелі проблемаларды шешу жолында да күш біріктіруге оң септігін тигізеді деп сенемін», – деді Мәулен Әшімбаев.

Форум барысында қатысушылар діннің әлемдегі сындарлы және маңызды рөлін ескере отырып, дін көшбасшылары жаһандық сын-қатерлерді талқылауға белсенді жұмылдырылуы керектігін айтты.



# ЕСІРТКІ ӨНДІРУШІЛЕРГЕ ЖАЗА КҮШЕЙЕДІ

Депутаттар алдымен күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі — «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қарады. Құжат туралы Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Қаржы министрі Мәди Тәкиев және Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов баяндама жасады.

Заң жобасы елдің 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына бюджет және Ұлттық қордың 2024 жылға арналған параметрлерінің болжамын нақтылау мақсатымен әзірленді. Атап айтқанда, салық түсімдерінің 3,1 трлн теңгеге азаяуы, ал салықтық емес түсімдердің 1,1 трлн теңгеге артуы болжанып отыр. Осыған байланысты республикалық бюджеттің нақтыланған кірістері 14,1 трлн теңгеге бағаланды, бұл бекітілген жоспардан 2 трлн теңгеге төмен.

Жұмыс тобының жетекшісі Еркін Әбіл нәтижесінде нысаналы трансферт түрінде Ұлттық қордан қосымша 2 трлн теңге тарту жоспарланып отырғанын, осылайша оның жалпы сомасы 3,6 трлн теңгені құрайтынын атап өтті. Қаражат өңірлік өсу деңгейін ұстап тұруға және ЖІӨ асу қарқынының төмендеу тәуекелдері жағдайында әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға бағытталады.

Баяндамаларды тыңдаған депутаттар жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне сұрақтарын қойды. Талқылау нәтижесінде мәжілісмендер заңды қабылдап, одан әрі Сенаттың қарауына жіберді.

Талқылауды қорытындылаған Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Үкіметті экономикадағы келенсіз салдарлардың алдын алу үшін барынша теңгерімді түзетулер жасауға шақырды. Ол бүгінгі бюджетті нақтылауды есепке алмағанның өзінде, оған 10 түзету енгізілгенін атап өтті.

— Түзету енгізе беру, ең алдымен, бағдарлама әкімшілерінің өзінің ынтасын жояды. Өйткені бюджетті жыл ішінде өзгертуге болатынын түсіну шығындарды жоспарлау сапасын төмендетеді. Сонымен қатар жиі түзетулер арқылы шығындарды онтайландыру бағдарлама әкімшілеріне жыл соңында бөлінген қаражатты пайдаланудың қолайлы көрінісін жасауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, мұның барлығы ұзақмерзімді жоспарлауға кері әсерін тигізіп, экономикалық саясатты болжауды төмендетеді, — деді Ерлан Қошанов.

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Су кодексі жобасы мен оған ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ есірткі, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Бұдан бөлек, 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңға енгізілетін өзгерістерді қабылдап, бірқатар халықаралық құжатты ратификациялады.



Сондай-ақ Мәжіліс есірткі, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңды екінші оқылымда қабылдады. Түзетулерді депутаттар Президенттің есірткі заттарын өндіруге жауапкершілікті барынша күшейту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатымен ұсынды. Жұмыс тобының жетекшісі Дмитрий Колоданың айтуынша, есірткі, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын өндіру мен сату арасында жауапкершілік белгіленеді.

— Қылмыстық кодексінің жеке жаңа 297-1-бабына есірткі құралдарын өткізу мақсатымен заңсыз дайындауды, қайта өңдеуді, өндіруді енгізу ұсынылады. Бұл бапқа сәйкес, есірткі өндіру үшін 15 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Жаңа нормалар есірткіні «жасау» және «өндіру» ұғымдарын нақты ажыратады, — деді депутат.

Бұл ретте есірткі құралдарын заңсыз сатып алу, сақтау, тасымалдау, сату мақса-

тымен жіберу немесе өткізу бұрынғыдай Қылмыстық кодекстің 297-бабымен реттеледі. Ең жоғары жаза — мүлкін тәркілеп, 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру болады. Басқа ережелер есірткіні тарту, прекурсорлардың заңсыз айналымы және олармен жұмыс істеу ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Бұдан соң Мәжіліс Су кодексі туралы заң жобасы мен оған су ресурстарын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Түзетулер Мемлекет басшының климаттың өзгеруі мен көршілес мемлекеттердің саясатын ескере отырып, су жаннамасын жетілдіру жөніндегі тапсырмасына сәйкес әзірленген. Заң жобалары туралы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов баяндама жасады.

— Жаңа кодексте алдымен су ресурстарын сақылдану және ластанудан қорғауға, содан кейін ғана экономикалық қажеттілікке назар аударылады. Бұл —

жана Су кодексінің қазіргіден түбегейлі айырмашылығының бірі, — деді министр.

Ол су көздері сарқуының алдын алу үшін өзен, көл және теңіз экологиялық жүйелерін сақтауға арналған және табиғатта қалдыруға жататын «экологиялық ағын» ұғымы енгізілгенін айтты. Жаңа талаптарға сәйкес суды пайдалануға рұқсаттар суды қайта пайдалану немесе айналымды сумен жабдықтауға кезең-кезеңімен көшу жоспары болған жағдайда ғана беріледі. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мәселесі жеке тарауда қамтылған. Барлық деңгейдегі мемлекеттік органның жауапкершілігі мен өкілеттіктерін анықтай отырып, су тасқыны мен құрғақшылықты басқару саясаты жетілдіріледі. Сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық аудиті мәселелері алғаш рет заңнамалық деңгейде реттелді. Су шаруашылығын цифрландыру саласында Ұлттық ақпараттық жүйе құру жоспарланып отыр, оның жұмыс істеуін Су ресурстары ақпараттық-талдау орталығы қамтамасыз етеді.



## ЕКІЖАҚТЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚТЫ ТЕРЕҢДЕТУДІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Біріккен Араб Әмірліктерінің Ұлттық күніне орай ұйымдастырылған салтанатты жиынға қатысты. Спикер жиналған қауымды мерекемен құттықтап, достас Әмірліктер халқына бақ-береке тіледі.

Ерлан Қошанов өз сөзінде Біріккен Араб Әмірліктері халықаралық қауымдастықта беделі зор, экономикасы қарыштап дамыған мемлекеттердің көш басында тұрғанын атап өтті.

Соңғы жылдары баламалы энергетика, жасанды интеллект, туризм мен қаржы саласында ауқымды реформаларды жүзеге асырып, дүниежүзіндегі озық технологиялардың орталығына айналғанына ерекше назар аударды. Осы тұрғыда, Әмірліктердің атом энергетикасындағы тарихи жеңісімен, атап айтқанда, «Барака» атом электр стансасының толық іске қосылуымен құттықтады.

— Бүгінде Әмірліктер — Қазақстанның ислам және араб әлеміндегі аса маңызды серіктесі. Біз — рухтас, қанаттас елдерміз. Көшбасшыларымыздың арасындағы берік байланыстың, мызғымас достықтың арқасында екіжақты қарым-қатынасымыз жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Былтыр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми және жұмыс сапармен екі рет барды. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда ынтымақтастыққа тың серпіліс беру тұрғысынан бұл сапарлардың тарихи мәні зор, — деді палата Төрағасы.

Мәжіліс Спикері екіжақты ынтымақтастықты тереңдетудің әлеуеті зор екенін айтып, парламентаралық байланысты одан әрі нығайтуға шақырды.

— Қазіргі уақытта жаңартылатын энергетика, көлік-логистика, жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялар, жылжымайтын мүлік, білім беру және тағы да басқа бағыттарда бірлескен серпінді жобалар іске асырылуда. Соның бірі де бірегейі — алыстан көз тартып тұрған «Абу Дабби Плаза» кешені Орталық Азия аумағындағы ең биік ғимарат ретінде елорда мақтанышына айналды. Ол — Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы достықтың символы іспетті, — деді Мәжіліс Төрағасы.

## ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛМАЙ ОТЫР

Мәжіліс отырысында «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі, депутат Елнұр Бейсенбаев Үкіметтің экономиканың ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ете алу қабілетіне күмән келтірді.

Мәжілісменнің айтуынша, Министрлер кабинеті бюджеттің жаңа кіріс көздерін іздеуде айтарлықтай күш жұмсамайды, өйткені Ұлттық қордан қарызға ақша алудың әрқашан мүмкіндігі бар.

«Бұл Үкіметтің экономиканың ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілетіне күмән тудырады және жүргізіліп жатқан фискалды саясатқа деген сенімге селкеу түсіреді. Бірақ мұндай көздер бар. Мысалы, банктерде 50 триллион теңгеден астам қор жинақталған, олар экономиканың нақты секторына салынбайды, бірақ негізінен тұтынушылық несиелерге бөлінеді. Бұл біздің экономикамыздан пайда таба отырып, ЕДБ оған инвестиция салуға мүдделі емес екендігін көрсетеді. Сонымен қатар негізгі мемлекеттік қорлар ТБЖ-да триллион теңге ұстайды. Ақшаның нақты секторға жұмыс істеуі үшін неғұрлым агрессивті инвестициялық саясатты жүргізу керек деп санаймыз», — деді ол.

Сондай-ақ депутат 2009 жылдан бастап Үкіметтің ұшжылдық жоспарлауға көшкенін, бірақ әлі күнге дейін жоқ дегенде біржылдық бюджетті болжауға үйренбегенін еске салды.

«Бұл туралы 10 бюджеттік түзетулер айтып отыр. Үкіметтің жаңа экономикалық блогы жұмыс істеген бір жылға жуық уақытта біз алдағы 10-15 жылға арналған ұзақмерзімді стратегиялық жоспарды көрмейміз. Қазіргі әлемде онсыз экономика сәтсіздікке ұшырайды. Бұл кабинеттің тәуелсіз институттарды дамытуға мүдделі емес екенін дәлелдейді. Бұл шенеуніктердің өздері жасайтын сапасыз талдаулар мен болжамдарға байланысты. Нәтижесінде, елдегі экономика ғылымының даму деңгейінің төмендігі байқалды. Ал ғылым жоқ жерде даму жоқ. Бұл аксиома», — деп атап көрсетті Бейсенбаев.

Сондай-ақ ол елдің қарқынды өсіп келе жатқан сыртқы қарызы жайлы айтты. «Мемлекеттік және мемлекеттік қарыздарға қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар үш жыл ішінде 6 триллион теңгеден асады. Сонымен қатар қарыздардың негізгі бөлігі Парламентті айналып өтіп,

квазимемлекеттік сектор арқылы жүзеге асырылады. Биылғы жылы сыртқы қарыз жыл басынан бері 166 миллиард доллардан асты. Бұл біздің елдің төртжылдық бюджетіне тең. Демек, соңғы 10 жылда елдің сыртқы қарызы 16,5 миллиард долларға өсті, ал Ұлттық қордың активтері небәрі 17,5 миллиард долларға қысқарды. Мұның бәрі қордаланған экономикалық мәселелердің ауырлығын анық көрсетеді», — деп түйіндеді депутат.

Жылдың басында құрылған жаңа Үкіметтің басты бағыты ретінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын іске асыру міндеті қойылды. Премьер-Министр бұл тапсырманы ел дамуының стратегиялық мақсаты ретінде айқындағанымен, кейбір тармақтардың орындалуы әлі күнге дейін сұрақ тудырып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев инаугурациядан кейін қол қойған алғашқы Жарлықтардың бірі — ауылды дамыту мәселесі арналды. Ауыл — ел экономикасының негізі, сондықтан Мемлекет басшысы ауылды түлету үшін бір триллион теңге бөледі деп тапсырды. Бұл қаржы ауылдың инфрақұрылымын жақсартуға, жұмыс орындарын ашуға және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталуы керек еді.

Алайда ұшжылдық бюджет жобасында бұл тапсырма толық қаржылық қамтамасыз етілмеген. Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, «Ауыл аманаты» бағдарламасына қажетті 100 млрд теңге бюджетте мүлдем қарастырылмаған. Сонымен қатар ауыл инфрақұрылымын дамытуға бағытталған «Ауыл — ел бесігі» жобасына да қосымша 100 млрд теңге қажет. Бұл қаражатсыз Президент тапсырмаларының орындалуы қиынға соғады.

Елнұр Бейсенбаев сондай-ақ отандық дәрі-дәрмек өндірісін 35 пайызға жеткізу тапсырмасының да орындалмағанын атап өтті. Бұл бағытта қажетті шаралар дер кезінде қабылданбағандықтан, жоспарланған нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмай отыр. Бұл мәселе халықтың денсаулығын қорғауға елдің фармацевтика саласын дамытуға тікелей әсер етеді.

— Жұмыс тобы су объектілерін жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру ережелерін реттеуді, басқаруға қоғамның кеңінен қатысуын, бақылау-қадағалау функцияларын күшейтуді, баламалы су көздерін (нөсер, еріген және ағынды суларды) тартуды қамтитын мәселелерді әзірлеу бойынша үлкен жұмыс атқарды, — деді жұмыс тобының жетекшісі Павел Казанцев қосымша баяндамасында.

Сонымен қатар депутаттар қарыз туралы үш келісімді ратификациялады. Бұл келісімдер Азия даму банкімен, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкімен және Халықаралық қайта құру және Даму банкімен жасалған.

Қаржы министрі Мәди Тәкиев құжаттарға үш келісімді ратификациялады. Бұл тиісінше 52,3 млрд теңге, 52,7 млрд теңге және 84,9 млрд теңге қарыз алу жоспарлап отырғанын айтты. Алғашқы екеуі бойынша өтеу мерзімі 15 жылды, оның ішінде ұшжылдық жеңілдікті кезеңді, соңғысы бесжылдық жеңілдікті кезеңді ескере отырып, 11 жылды құрайды. Бұл шарттар Қазақстанға өзінің қаржылық міндеттемелерін тиімді жоспарлауға және бюджет тапшылығын бірден болдырмауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Мәжіліс «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға Парламент Сенаты ұсынған түзетулермен келісті.

Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар — 2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы; Қазақстан Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметі арасындағы жел электр стансасы жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы; Қазақстан мен Ресей Үкіметтері арасындағы Қазақстан аумағының Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында көмір жағатын жылу электр орталықтарын салу жобалары жөніндегі келісімді ратификациялау туралы; Қазақстан мен Кипр арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары.

Жалпы, отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 10 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram-арнасында жарияланды.

Мейір ЖАСЫН



Елнұр Бейсенбаевтың пікірінше, Мемлекет басшысының бағдарламасын жүзеге асыру — Үкімет пен мемлекеттік органдардың басты міндеті ғана емес, қоғам тарапынан да бақылауды қажет етеді. «Президенттің ауылды дамыту тапсырмасы нақты орындалуға тиіс. Біз бұл мәселені бақылауда ұстаймыз. Бір триллион теңге уақытында бөлініп, өз мақсатына жетуі қажет», — деді ол.

Президенттің сайлауалды бағдарламасы елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына бағытталған нақты қадамдарды қамтиды. Бірақ қазіргі қаржыландыру мәселелері мен тиімсіз жоспарлау бұл тапсырмалардың орындалуына қауіп төндіріп отыр. Егер дер кезінде қажетті шаралар қабылданбаса, бұл тек экономикалық емес, саяси салдарға да әкелуі мүмкін.

Мемлекет басшысының бағдарламасы — халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты бастамалар. Сондықтан Үкімет берілген уәделерді орындауда барынша жауапкершілік танытуға тиіс.

«Бұдан шығатын қорытынды, еліміз Ұлттық қор қаражатына шамадан тыс тәуелділігінен туындаған терең бюджеттік дағдарысты бастан кешіріп отыр», — деді Бейсенбаев. Бұған қоса, ол былтырғы жылмен салыстырғанда биыл экономиканың нақты секторындағы сыртқы инвестициялар 20%-ға төмендегенін айтты. Мәжілісмен бұл күрт құлдырау алдағы жылдары ел экономикасына бірнеше рет теріс әсерін тигізеді деп қатаң болжам жасады.

Бұған дейін депутаттар ұшжылдық бюджетті үнемі түзетіп отыратыны үшін Үкіметті сынға алған болатын.

Ә. САМАТҰЛЫ



## МӘСЕЛЕ

28 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Ал жеке кәсіпкерлердің жағдайы ауырлау. Олар білім басқармалары және бақылаушы мекемелер қоятын талапқа сай болу үшін жеке тұрған ғимаратты ипотекаға, несиеге сатып алады немесе жалға алады. Мұндай нысандар көбіне коттедж бен жеке үй болып шығады. Себебі жер алып, жеке ғимарат тұрғызуды ұсақ кәсіпкердің қалтасы көтермейді. Сөйтіп, оның бәрі жойқын соққының астында қалып тұр.

Мемлекет басшысының бастама-сымен 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап, ұсақ (микро) және шағын бизнесті тексеруге 3 жылдық мораторий енгізілгені белгілі. Былтыр тыйым мерзімі аяқталғаннан кейін тиісті дайындық жұмыстарын жүргізген құзырлы мемлекеттік органдар 2024 жылдың басында кәсіпкерлердің жер телімдерін нысаналы мақсатынан тыс пайдалануын да тексеріп, заңбұзушылықтарды жаппай анықтай бастады. Бұдан бұрын, мораторийге дейінгі заманда балабақшалардан жерге қатысты құжаттарын талап етпейтін.

Тексеріс қорытындысында білік мектепке дейінгі білім мен тәрбие беретін жекеменшік ұйымдарға екі ғана таңдау ұсынып, жолайырыққа тіреді. Олар тұрғын үйдің және ол орын тепкен жердің бүкіл құжаттамасын заңнама талабына сәйкес келтіруге, жер телімінің нысаналы коммерциялық мақсаттағы учаскеге ауыстырып алуға тиіс. Немесе қызметін тоқтатып, жабылуға тиіс.

Ұзақ жыл шүмектеп тер төгіп, азабын тартып, шығынын шығарып, әзер жолға қойған бизнесмен лезде құртып тынуға көзі қимаған кәсіпкерлер бірінші жолды таңдап, барлық құжатын заң талабына лайықтауға қуана-қуана келісер еді. Алайда бұл өзгерістің шығыны әрбір жер телімі үшін 40 миллион теңгеге дейін жетеді екен.

Астанадағы «Ерке бала» (есінінің сұрауымен атауы өзгертілді) балабақшасының құрылтайшысы Меруерт Мұхтарова жеті жыл бұрын жеке тұрған 3 қабатты коттеджді іргелес жер телімінде несиеге алыпты.

— Мұнда үш отбасыға тиесілі жер учаскесі бар, соны біріктірдім. Мұның бәрі 300 миллионнан астам теңгеге түсті. 15 жылға несиеге рәсімделдім. Ай сайын 2 миллион теңгеге жуық берешекті өтеп тұруым қажет. Түскен табыс шығындарды «жабуға» әзер жетеді. Ағымдағы және күрделі жөндеу, техперсонал мен медицина қызметкерінің жалақысы, сауықтыру жәрдемақыларының төлемдері — ол бар. Қызметкерлер құл емес қой, жалақысын арттырмасаң, білікті тәрбиелеушілер басқасына немесе мектепке кетіп қалады. Мұның сыртында мектептен айырмашылығы сол, балабақшаларда жазғы каникул жок, қызметкерлер жыл он екі ай жұмыс істейді, шаршайды, — деді М.Мұхтарова.

Балабақша тәрбиеленушілері бір ай демалысқа кеткенде, оны каникулдағы мектеп мұғалімдері уақытша алмастырады екен. Олар қомақты ақша бермесе келіспейтін көрінеді, сондықтан қатардағы тәрбиеленушінің жалақысының екі еселенген төлемі төленеді.

Бұған қоса, мемлекеттің «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында — коммуналдық қызметтердің төлемі жылғына бірнеше рет, ал инфляцияның өсуі кесірінен — азық-түлік өнімдері ай сайын қымбаттайды. Балалар сындырып, бүлдіріп тастайтын жинақтарды үнемі жанартып тұру керек. Білім бөлімі

## ТҮЙТКІЛ

## БАЛАБАҚШАЛАР БАСЫНА БҰЛТ ҮЙІРІЛДІ



педогогикалық құрамның біліктілігін ұдайы арттыруды талап ететін көрінеді, оның курстары ақылы және қаражат жұмсауды қажет етеді.

Осының бәрине енді жер учаскелерін қайта рәсімдеуді талап еткен шенділердің қиынғының қиындағы қосылып отыр. Мұхтарова ханым өзіне әзірге ешкімнің тексеріспен мазалап келмегенін нақтылады. Бірақ ортақ қатна әріптестері бұл мәселені талқылай келе, кәсіпкерлер палатасына өткізіп жазуға келіспіті.

## МӨРТЕБЕ АУЫСТЫРУДЫҢ МАШАКАТЫ КӨП

Өзге өңірлерде де тұйыққа тірелген кәсіпкерлер «Атамекен» палатасының жанындағы Кәсіпкерлер құқығын қорғау және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңеске жүгінді. Мысалы, Алматыда 728 жекеменшік балабақша жеке тұрғын үйде орналасқан. Заңнама талаптарына сәйкес, осы объектілердің бәрі тұрғын үй секторынан шығарылуға тиіс. Болмаса үй салынған жер телімдерінің нысаналы мақсаты «жеке тұрғын үй құрылысынан» (ЖТҚ) «коммерциялық құрылым» мәртебесіне өзгертілуге міндетті.

Жекеменшік балабақша иелерінің төбе шашын тік тұрғызған тағы бір гәп бар. Нысан мен жер телімінің мәртебесі өзгергеннен кейін салық та күрт өсетіні анықталды. Өйткені осыдан кейін балабақша салықтарды есептіліктің «700 нысан-формасы» бойынша төлеуге көшіріледі, әйтпесе олардың жұмысы заңсыз кәсіпкерлік болып танылады. Балабақша жабылады, қожайыны темір торға қамалады.

Жаңа бетбұрыс балабақшаларды қудалауға түрткі болыпты. Алматылық жеке балабақшаның иесі Дана Порхонова көп жылдан бері коттеджді арендаға алып отыр. Оның өзі салықты кәсіпкер ретінде төлейді. Бірақ жер салығының өсетіні туралы жана хабарлама алған үй иесі одан балабақшасын жауып, үйді босатуға талап етті.



**Түркістан облысында жеке 1 097 балабақша бар. Анықталғандай, оның ішінде 150 жеке балабақшаның жер учаскесінің нысаналы мақсаты Жер кодексінің 65-ші бабына сай келмейді. Бұлардың бәрі жабылса, облыста 12 350 бала мектепке дейінгі тәрбие мен білімнен қол үзеді.**

— Қожайын: «Саған бола заңға қайшы шикіліктің шыққанын қаламаймын, шығынға батқым келмейді!» — деді. Себебі оның үйі соғылған жер телімін ЖТҚ санатынан шығарудың және оны коммерциялық учаскеге ауыстырудың құны алдын ала есептеулер бойынша шамамен 20 миллион теңгені құрады. Үй иесі мұндай шығындарға дайын емес. Жеке балабақша ашқанға 10 жылдай болды. Осы уақыт бойы бізге мұндай талаптар қойылған емес. Тек биыл ғана бұл проблемаға тап болдық, — деп мұңшакты кәсіпкер Д.Порхонова.

Нысаналы мақсатын өзгерту жердің аумағына байланысты оның иелеріне 2 миллионнан 40 миллион теңгеге дейін шығын әкелуі мүмкін. Шығыннан басқа да проблемасы жетерлік. Бұл рәсім ұзаққа, жақын дегенде бір жылға созылуы ықтимал. Бұл кезде балабақша жұмысын жалғастыра алмайды, қызметін белгісіз уақытқа тоқтатуы керек.

Сорақысы сол, шенеуніктер мен кәсіпкерлер арасындағы тайталастан ел болашағы — жас ұрпақ зардап шегеді. Баласымен үйде қалуға мәжбүр болса, ата-аналар жұмысынан айрылып, отбасы табыссыз қалады. Олай болса, бұл құбын-сүргіннің мультипликативті теріс әсері көп болғалы тұр.

— Қарқынды демографиялық өсуге байланысты мектепке дейінгі мекемелерде оңсыз да орын тапшылығы ушығып тұр. Бұл қазірдің өзінде ата-аналарға айтарлық

тай қиындық туғызды. Халық санының жылдағы өсімін ескеріп, көптеген адамды балабақшадағы орыннан айыруға жол беруге болмайды, — дейді Кәсіпкерлер құқығын қорғау және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес мүшелері.

Кеңес өз шешімін қаттап, қалаға лаушы орган салықшылардың жаппай жолдаған хабарламаларын заңсыз деп таныды. Соңғы сөз — салықшыларда. Мемлекеттік кірістер органы ұсынысты қарастырып жатыр.

Бірақ олар заңдағы талапты орындайды. Сондықтан заңнамадағы олықлық жойылуы керек. Осы мақсатта кеңес Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Канат Нұрғонова ұсыныс енгізді. Бизнес-омбудсменнен Жер кодексінің 107-бабына өзгерістер енгізуге бастамашы болу сұралды. Сол арқылы жекемен-

шіктегі мектепке дейінгі мекемелерге жалға берілген жеке тұрғын үйлердің жер учаскелерінің нысаналы мақсаты рәжимін тексеріп, жеңілдік берген жөн.

Ондай жеңілдік қарастырылмағандықтан, өзге де өңірлердің жеке балабақшалары, тіпті жекеменшік мектептері жер телімдерінің нысаналы мақсатын заң талабына сәйкестендіру туралы хабарлама алыпты. Мысалы, Түркістан облысында жеке 1 097 балабақша бар. Анықталғандай, оның ішінде 150 жеке балабақшаның жер учаскесінің нысаналы мақсаты Жер кодексінің 65-ші бабына сай келмейді. Бұлардың бәрі жабылса, облыста 12 350 бала мектепке дейінгі тәрбие мен білімнен қол үзеді. Сондықтан балабақша иелеріне жыл соңына дейін құжаттарын рәсімдеу үшін құзырлы органдарға жүгінуге кеңес берілді.

## ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ БАР МА?

«Атамекен» палатасы мамандарының айтуынша, Жер кодексіне тиісті өзгеріс енгізілмейінше, мемлекеттік органдар «бұрын азаматтарға жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген жер телімінде тұрғызылған ғимаратты тек тиісті мақсатына пайдалануды» талап етуден бас тарта алмайды.

Мұны соны бұлдіршілердің мектепке дейінгі білім алу мүмкіндігінен жаппай айырылуына, табыс тауып, жұмыс істеуге уақыты қалмаған ата-аналардың наразы-

лығына, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің күшеюіне соқтыруы мүмкін. Себебі Қазақстандағы балабақшалардың басым көпшілігі жекеменшік. Бұлардың көбі — 80%-дан астамы не коттедж бен жеке үйде, немесе көпқабатты тұрғын үйдегі пәтерде ашылған. Соңғыларына да жабылу қаупі төніп тұр: қожайындары жеке пәтерін коммерциялық мүлік ретінде қайта рәсімдеуі керек.

Сарапшылардың мәліметінше, коттедждер, тіпті көп бөлмелі пәтерлер балабақшаға арендаға тапсырылғанда, жалға беруші оны «жер учаскесіне құқықтарды ұсынуысыз және оның нысаналы мақсатын өзгертусіз» тек 1 жылға дейінгі мерзімге уақытша пайдалануға береді. Әрі қарай аренда мерзімін ұзартып тұрады. Егер балабақша иесі өз қызметін әрі қарай жалғастыру үшін жер мен үй иесіне келіп, нысаналы мақсатты өзгертуді сұраса, қожайын оны қуып шығады.

Кәсіпкерлер Жер кодексіне Парламент тиісті өзгеріс енгізбесе, онда қосымша қомақты шығын шығармай, қызметін жалғастыруға мүмкіндік беретін басқа компромиссті-ымыра шешім түзуді сұрады.

Қазақстанның үздіксіз білім беру қауымдастығының төрағасы Лейла Түленованың пікірінше, қазіргі қатан талап саланың күйреуіне, балабақшалардың көленкеге кетіне өкеледі. Бұл проблеманың перспективті шешімі ретінде ол бірте-бірте көшу тәсілін ойлап табуға ұсынды. Мемлекет далада қалу қаупі төнген балабақшаларды орынжаймен қамтамасыз етуі қажет. Сондай-ақ нысаналы мақсатына сәйкестендіру шығынын бюджеттен субсидиялаған маңызды.

Мән берсе, мәселе шешімін табатын түрі байқалады. Жекеменшік балабақшаларды жер телімдерін мақсатсыз пайдаланғаны үшін тексеруді уақытша тоқтату туралы шешім қабылданды. Құзырлы органдар хабарлама жолдаудан уақытша аяқ тартқан көрінеді.

Үкімет басшысының орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров кәсіпкерлер мен «Атамекен» палатасы көтерген, жекеменшік балабақшаларға қатысты жер мәселесін шешу ұсынысын қолдады. Ол Ауыл шаруашылығы және Білім министрліктеріне «Атамекен» ҰҚП-мен бірлесіп, бірінғай құқық қолдану тәжірибесін әзірлеуді тапсырды. Оның алгоритмі аумақтық инспекцияларға орындау үшін жіберілді.

Бизнес пен білік ымыраға келмесе, Баталас-тартыстың зардабы халық пен жас ұрпаққа тиер еді. Ресми мәлімет бойынша елдегі 5 898 жеке балабақшаның 80 пайыздан астамы мақсатын өзгертпеген үйжайларда жұмыс істейді екен. Олар биыл дағдарысқа килігіп тұр. Егер заң өзгермесе, кәсіпкерлерден құжаттамасын түзетіп, қызметін заң нормаларына сәйкестендіру бәрібір талап етіледі. Мұның ақырында не болатынын уақыт көрсетеді.

Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры Манара Адамованың айтуынша, жыл басынан бері еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдарда 40 мыңға жуық жаңа орын ашылды. Алайда бұл да жеткіліксіз. Алдағы екі жылда 2027 жылға дейін кем дегенде 300 мың жаңа орын ашу қажет. Жалпы алғанда, бүгінде республикада жалпы саны 11,5 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оларда 1 миллионға жуық бала ғана тәрбиеленеді.

Елдос СЕНБАЙ

## ӨЗЕКТІ

## СЫР ХАЛҚЫНЫҢ ҮМІТІ АҚТАЛАР КҮН ЖАҚЫН

Талай жылдан бері Қызылорда қаласы республика бойынша орталықтандырылған ыстық су жүйесіне қосылмаған жалғыз өңір екені айтылып келеді. Шаһар аумағын түгел ыстық сумен қамту бірінші кезекте қыруар қаржыға тірелетіні белгілі. Соның салдарынан, Кеңес кезеңінен бермен қарай бұл түйткілдің түйіні тарқатылмай, кейінге шегеріле берді. Ал ыстық судың азабын тартқан ағайын су жылытқыш құрылғының көмегіне жүгінуге мәжбүр болды.



## Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелді бұлтырғы қазан айында өңірге жұмыс сапарымен келіп, Сыр шаһарының дамуына оң бағасын берген еді. Сол кезде қаланы ыстық сумен қамтамасыз ету жайы да қозғалып, осы мәселе төңірегінде нақты тапсырмалар жүктелген болатын. Соған орай Сыр халқын толғандырған мәселе биыл он шешімін тауып, үзілген үміт қайта жалғанды. Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен облыс орталығын ы-

стық сумен қамту жобасы бастау алғанын естіген жергілікті жұртшылықтың қуанышында шек жоқ. Бұл жұмыстардың бастамасына Үкімет резервінен 11 млрд теңге қаржы да бөлінді. Осы қаржыға тиісті жұмыстар атқарылып, жыл аяғына дейін 186 көпқабатты тұрғын үй ыстық су жүйесіне қосылады деп жоспарланып отыр.

Аталмыш жобаны жүзеге асыру міндеті «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына артылып отыр. Корпорация тарапынан міндетті жұмыстар жеделі уақытында жүргізіліп жатқанын, аландауға еш негіз жоқ екенін жеткізді.

«Мемлекеттік сатып алу конкурстары нәтижесінде «Мелиаратор» ЖШС, «BSG инженеринг» ЖШС және «Көкшетау гидрогеология» АҚ жеңімпаз ретінде анықталып, бүгінде аталмыш мердігер мекемелер тұрғын үйді ыстық сумен жабдықтау жұмыстарын жүргізуде. Алдағы уақытта дайын үйлерге ыстық су осылай кезекпен қосыла беріледі. Жалпы, қала бойынша ыстық су толығымен жылдың соңына дейін іске қосылады», — деді бұл жайында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының ыстық сумен жабдықтау басқармасының басшысы Бауыржан Күшенбаев.

Басқарма басшысының мәлімдеуінше, жоспарлы жұмыстар 2 кезең бойынша жүргізіледі. Бірінші кезеңінде биылға 186 үйге ыстық су тарту жұмыстары жүргізілсе, екінші кезең бойынша 2025 жылы 250 үйді орталықтандырылған ыстық сумен қамту жоспарланған.

Жуырда Президент жанындағы орталық коммуникациялар қызметінің көшпелі брифингінде Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы жобаға қатысты ой-пікірін кеңінен түсіндіріп өткен болатын. Брифингте мәлім болғандай, аталмыш жобаны келер жылы толық аяқтау жоспарда тұр. Жалпы құны 26,2 млрд теңгені құрайтын бұл бастамаға биылға бөлінген 11 млрд теңге қаржы игеріліп жатыр. Келер жылы 16 млрд теңге бөлініп, қалған жұмыстар атқарылатыны мәлім болды. Нәтижесінде, 2025 жылы қаладағы көпқабатты тұрғын үйлер түгел ыстық су желісіне қосылады деп күтілуде.

Облыс басшысы өз сөзінде қала аумағында ыстық су жүргізу жұмыстарымен қатар мамандар тарапынан көпқабатты үйлерді жөндеуден өткізу, жөргөлелерді көріз суынан тазалау жұмыстары да қарқын алғанын мәлімдеді.



Негізінен, игі бастаманы жүзеге асыруда «АМАНАТ» партиясы тарапынан тұрақты түрде бақылау жүргізу жолға қойылған. Бұл тұрғыда партияның облыстық филиалы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі аймақтық кеңес мүшелері бағамдау жұмыстарын жүргізіп тұр.

«Бүгінде Қызылорда қаласын орталықтандырылған ыстық су жүйесіне қосу жұмыстары қызу қарқын алды. Қазірдің өзінде игі істің игілігін көрген тұрғындар да бар. Бұл тұрғыда партияның облыстық филиалының ықпалымен Өңірлік даму жөніндегі аймақтық кеңес мүшелері бұған дейін қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлерді орталықтандырылған ыстық суға қосу және оны жүргізу бағытындағы жұмыстарға партиялық бақылау жасаған болатын. Соның негізінде тұрғындарға түсіндірме жұмыстары да жүргізілді. Нәтижесінде көз қуантады. Мониторингтік топ жұмысы алдағы уақытта да жалғасын табады», — деп түсіндірді облыстық партия филиалының баспасөз қызметі.

Ыстық су арманына айналған аймақ тұрғындарының игі іске алғыстан басқа айтары жоқ. Тек тиісті жұмыстар сапалы жүргізіліп, игілігін ел көрсе деген тілегін жеткізіп отыр.

«Көп жылдан бері бұл мәселе толғағы жеткен тақырыпқа айналған еді. Сәтін

салып, биыл түйткілдің түйіні тарқатылды. Ендігі кезекте міндетті жұмыстар жеделі уақытында талапқа сай жүргізілсе екен дейміз. Құзырлы орындардың айтуынша, халықтың ыстық суға қолын малып отыратын күн алыс емес сияқты. Су жылытқыш құрылғымен жан бағып отырған жамағаттың күткені де осы», — дейді қала тұрғыны Сапарбек Ерімбетов.

Жүйесіне қосылу арқылы тұрғындар артық шығын төлеу азабынан құтылатынын да алға тартып отыр. Нақты айтқанда, орталықтандырылған ыстық су жүйесіне жұмсалатын шығын тұтынушыларға электрлі су ысытқышқа қарағанда әлдеуір тиімді болмақ. Мәселен, бүгінде халық су ысытқыш қондырғысы арқылы 50 литр суды ысытуға орта есеппен күніне 2 кВт, яғни 1 айда орта есеппен 2 м<sup>3</sup> су пайдаланғанда 1 айға шамамен — 1 565,6 теңге төлейді екен. Ал жылу энергиясы арқылы су ысыту жүйесі арқылы тариф бойынша 1 м<sup>3</sup> — 172,03 теңгеге шығады. Яғни, орта есеппен тұтынушы 2 м<sup>3</sup> ыстық суды пайдаланғанда (1 м<sup>3</sup> тарифі су, көріз — 43,1 теңге, 49,69 теңге) қоса алғанда орташа есеппен шамамен — 529,66 теңге жұмсайтынын тіпте тиек етеді. Сонымен қатар тиісті жұмыстар талапқа сай жүргізілсе, Сыр халқы ыстық суды жыл он екі ай пайдаланады.



## ПАРАСАТ

28 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

САҢЛАҚТАРДЫҢ  
САРҚЫТЫ

Төкеңді алғаш «Жалын» журналында жарық көрген «Гүлнәз» әңгімесі арқылы таныдым. 1986 жылы болса керек, жып-жылы, әр сөзі, әрбір кейіпкері өзіме етене таныс осы әңгімені қыстың ұзақ түнінде шамның жарығымен таңға дейін бірнеше қайтара оқығаным есімде. «Көзіңді құртасың, таң ататын болды, күн шыққасын оқисың ғой» деген апамның жанашыр сөздерін де елең қылған жоқпын. «Осылай да жазуға болады екен ғой, Орал мен Гүлнәздің арғы тағдыры не болды?» деген сияқты мазасыз ойлар балаң сезімді жаңа қиырларға жетелей жөнелді.

Біз Токпановты, Аймановты көрмедік. Бірақ сондай саңлақтардың сарқыты Теменовті танымыз. Ұлылардан ұлағат алған, өзі де бүгінде мэтрге, мәдениет майталманына айналған Талғат Досымғалиұлының шығармашылық өзегі — мәңгілік тарқырыптар. Ол — жалғыздық, ол — махаббат, ол — сағыныш, ол — елдік пен ерлік. Сондықтан болар, Төкең әлемдік әйлік классиктермен кейде жалғасып, енді бірде жарысып, жарасып жатады. Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» мен Шекспирдің «Отеллосы» бізге жаңа қырынан ашылып, Әуезов пен Айтматов шығармалары жанаша сөйлейді. Арылуға, тазаруға үндейді. Сондықтан туған жеріне Шукшинше шұқшиған Талғат ағаның әр шығармасынан жусан иісі аңқып тұрады.

құста» Желтоқсан шындығы жаңғыралады.

Адам баласының көкейі қашанда балалығын көкесп тұратыны белгілі. Өйткені онда саф тазалық, риясыз күлкі, аппак арман мен бұла еркіндік бар. Тазалыққа құштар, еркіндікке іңкәр Теменов таспалаған әр фильм, сахналаған әр спектакль бұл тақырыптарды айналып өтпейді. Керісінше, бірінен-бірі асырып осы өзекті дүниені үңгі түседі.

Кейіпкерлері сол асыл сезімді құндылық ретінде қарап, оны солғындатпау жолында жанталасады. Былайша айтқанда, өз көзге көрінбес күш-жігерімен күреседі. «Махаббат бекетіндегі» Орал, «Адамдар арасындағы бөлтіріктегі» Самат, «Қызғыш құстағы» Санжардан бертіңгі

уақытта экрандалған «Қара қыздағы» Алмағұлге дейін жігі қарап отырсаңыз, бұл тұжырымға еріксіз иланасыз. Бұл тұрғыдан Талғат Теменовті өлеңді қағазға емес, экран мен сахна арқылы жазатын акын десек те болады.

Толстой атақты «Арылу» романында жігіттік желіктің жетегінде кеткен жас бекзаның өзінің ішкі жан дүниесімен бетпе-бет келіп, арылу арқылы кісілік

кемелдікке жетудің кезеңдерін керемет суреттейді. Бұл ретте Теменовтің кейіпкері Низамидің Мәжнүннен бөлек, ол пәруана сияқты, адами құштарлықтан арылу арқылы илөні, шексіз махаббатқа ұласады.

Арылу — пенделік күнәдан тазару, ағару, жанару ғана емес, ол — мейлінше мінсіз адами қалыпқа жақындау. Сондықтан ол сәт сайын үздіксіз жүретін құбылыс. Шыңғыс Айтматов «Адамға ең қиыны — күн сайын адам боп қалу» дегенде осыны мензесе керек.

Көпке белгілі «Менің күнәлі періштем» фильмінде Тақан сонау Адам ата мен Хауа анадан бері келе жатқан мәңгілік тақырыпқа барып, пендені періштеден де биікке көтеретін махаббаттың мәніне үнеледі. Расында, абыз Абай айтқандай, «адамзатты махаббатпен жаратқан» Алла сүйіспеншілікті тіршіліктің ұйытқысына айналдырған...

Көркем шығарма көркем ойдан туады. Көркем ойлау, әріне тіршілік дүниесінен бір саты жоғары көтеріліп,

тертесін тең ұстаған Теменов екеуінің ортасын нәзік ноталармен тұтастырып жібергендей әсер қалдырады.

Өнер деген құдіретке қапысыз қызмет етіп келе жатқан Төкең режиссер болмаса, ақын яки композитор болар ма еді, кім білсін? Әйгілі «Карменді» құйылып түскен кара өлеңмен қазақша сөйлеткен Талғат аға музыканың терең иірімдерін керемет пайдалана біледі.

Шарттылығы жоқ бәрі шын өмірдегідей болатын кино әлемін сол бір нәзік ноталармен жетелеп шарттылыққа бағынышты әмбе тар театр сахнасына алып кіргенде көрермен де сол сахнада бірге өмір кешіп жүргендей күйге бөленеді. Әйгілі Шыңғыс Айтматовтың шығармасы бойынша сахналанған «Қызыл ормалды Шынарары» спектаклі соның дәлелі. Осы спектакльдегі Орал мен Гүлнәздің, Лияс пен Әселдің махаббат әлемін одан сайын күрделендіре, ширықтыра түскен музыка, әуен, ырғақ, би көрермен есінен айлап, апталап шықпай қояры анық. Сол әуенді тіл ұшында қайталап театрдан шығып бара жатқан талай көрерменді көзіміз көріп, құлағымыз естіді. Бұл тұрғыдан режиссерге музыкалық қабілеттің қаншалықты ауадай қажет дүние екенін біз Теменов арқылы терең сезіне түстік.

Әйгілі Диоген жарық күнде қолына шам алып, адам іздеп жүреді ғой, Теменов те жиырма бірінші ғасырда қазақ даласында ұлттық рух іздеп жүрген адамға ұқсайды. Алғашқы арманы философ болу еді, бәлкім содан да шығар, шындық пен тазалықты жанына серік еткен Талғат ұлттық рухты іздеуден талмайды, азаматтық ұстанымын, қоғамды толғандыратын ойларын бүгіп қалмайды, өзекті мәселелерге қашанда сергектік танытып, әлеуметтік желілер арқылы өткір пайым-пікірлері мен мөлдір естелік-эсселерін жариялап отырады. Бұл тұрғыда ол — табанды тұлға, зерделі зиялы, арлы азамат!

Театр тарланы, талғамы биік режиссер, талантты жазушы, талабы зор ұстаз, танымды терең зиялы, табанды тұлға ретінде Талғат аға бүгінде жетпіске желкен ашып отыр. Жаңа жасыңыз жетістіктер мен жеңістерге жетелей берсін! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,  
сенатор

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕП:  
БІЛІМ БЕ, ӘЛДЕ БИЗНЕС ПЕ?

Бүгінде баласының болашағын ойлаған ата-ана ұл мен қызын жекеменшік мектептерге жетектеп, ақылы оқытуды әдетке айналдырды. Оған себеп — ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, жоғары балл жинау. Осылайша, әке-шеше мемлекеттік мектептерден гөрі жекеменшік оқу орындарында білім беру сапасы жоғары деп сенеді. Алайда сол мектептер білім беруді емес, пайда табуды көздеп, сан соқтырып жатса не дерсің?

А Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

Білімді емес, бизнесті, ұлтын емес, құлқын ойлаған мұндай мектепке қатысты жуырда шу шыққан. Тараздағы «Инноверс» атауымен айдарланған жекеменшік мектеп балаларды бір тоқсан оқытып, одан кейін есігіне қара құлып салады. Бұл жағдайға аң-таң қалған ата-ана мектеп алдына жиналып, мәселе көтерген-ді. Кейіннен белгілі болғаны, аталған оқу орнының оқу ісін жүргізуге құқық беретін құжаты болмай шыққан. Осылайша, 250 бала далада қалған еді.

Сол кезде шырыл қаққан ата-ана білім беру мекемесіне алданғандарын ашына жеткізген болатын.

— Мектеп деп бізді алдап отыр. Шын мәнінде, мектеп емес, орталық болып шықты. Егер осы жағдайды ертерек айтқанда, біз баламызды лицензиясы бар дұрыс мектепке апарар едік. Енді, міне не оқу жоқ, не баламыздың табелі жоқ, далада қалып отырмыз. Бұрынғы мектебіне де алмай отыр. Себебі баламыздың бірінші тоқсанды оқығаны туралы табелі жоқ. Осындай заңсыз білім ошақтарының жұмыс істеуіне қалай ғана рұқсат берілген, — деп Тараз қаласының тұрғыны Айсұлу Алтаева жанайқайын жеткізген.

Осылайша, шу шығарған ата-ананың алдына Тараз қалалық білім бөлімінің басшысы Раушан Қожамжарова шығып, жиналғандарға басу айтқан еді.

— Тараз қалалық білім бөлімі мемлекеттік балабақшалар мен мектептерге жауап береді. Ал жекеменшік мектептер мен балабақшалар Астанадағы республикалық қаржы орталығы арқылы қаржыландырылады. Бұл жеке мектеп болғаннан кейін біз көп нәрсеге араласа алмаймыз. Алайда осында оқыған балаларды шаһардағы мектептерге орналас-

тыруға бар күшімізді саламыз, — деген еді Раушан Пернешқызы.

Міне, осы оқиғадан кейін екі жеті өтті. Қазіргі жағдайды білмек мақсатта облыстық Білім басқармасына хабарласқанмызда, олар барлық бала шаһардағы мектептерге орналастырылғаны туралы ақпарат берді. Бұл, әрине жаңа жылу беретін дүние. Алайда бала қабылдауға ешқандай құқығы жоқ мұндай жекеменшік мектептердің жұмысына қалай рұқсат берілуде? Және бұл қалада болған бір ғана жағдай ма? Бұл сауалмен енді Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне қайырылды.

— Жалпы, жекеменшік мектептерді арыз-шағым түспесе, біздің тексеруге құқығымыз жоқ. «Инноверс» орталығына келер болсақ, ол білім ордасының үстінен хаттама толтырылды. Лицензиясы болмаса да, бала қабылдағаны үшін сотқа бердік. Айыппұл да жазылды. Енді тек сот үкімін күту қажет.

Негізі, мұндай келеңсіздіктерге көп жағдайда ата-ананың ұқыпты болмауы ұрындырып жатады. Туыс не таныстарынан естіген жекеменшік мектепке баласын жетектеп апарып береді. Алайда ол қандай мектеп, құжаттары дұрыс па, ол жағын көп ата-ана ойламайды. Содан барып соны айқай-шуға ұласып жатыр. Бұл быылға анықталған жалғыз мектеп емес. Жыл басынан бері лицензиясыз жұмыс істеген 8 мекеменің жұмысын тоқтаттық. Оның алтауына сот шешімі шығып қойды. Бұл бағыттағы жұмыстар мұнымен тоқтамайды. Егер заңсыз әрекеттерді ата-аналар байқап, бізге хабар берсе, біз ол мекемені толықтай тексеріп шығамыз, — дейді департамент басшысы Мұхит Аманқұлұлы.

Иә, байқап тұрсақ, бұл өңірде болып жатқан бірінші жағдай емес екен. Демек, не білім, не құзырлы органдардың көзіне ілікпей, көлеңкелі кәсіптің көрігін



Тараз қалалық білім бөлімі мемлекеттік балабақшалар мен мектептерге жауап береді. Ал жекеменшік мектептер мен балабақшалар Астанадағы республикалық қаржы орталығы арқылы қаржыландырылады. Бұл жеке мектеп болғаннан кейін біз көп нәрсеге араласа алмаймыз.

қыздырып отырғандар бар деген сөз. Ал білім сапасына жауапты департамент оларды өздігінен тексере алмаса, онда бұл бағытқа құзырлы органдарды мықтап жұмылдыру керек. Сонда талай былық пен қулықтың су бетіне қалқып шығатыны анық.

Бұл тұста тағы бір айта кетерлігі, басы дауға қалған жекеменшік оқу ор-

нына ата-ана әр балаға 40 мың теңгеден төлеген. Кейбірі тіпті біржылдық төлемін алдын ала жасап қойған. Міне, осы қаржыны да сот үкімі ата-анаға кері қайтаруды деген сенім мол. Әйтпесе, айдан-күннің аманында қаржыдан қағылу кімге болмасын оңай соқпаса анық.

Ресми мәліметке сүйенсек, қазір облыс көлемінде 56 жекеменшік мектеп

жұмыс істеп жатыр екен. Алайда «Инноверс» сияқты қанша орталықтың бар екені белгісіз. Себебі олардың есебін жүргізу Білім басқармасының құзыретіне кірмейді. Сондықтан өңірде әлі қанша білім беру орталығы «жұмыртқадан жүн қырып», «балға бармақ батырып» отырғанын тап басып айту қиын. Бәлкім, білім сапасына жауапты департаментке осы орталықтарды толықтай тексеріп шығуға құзырет берілсе, шырмауықтай шырмалған «кеселдің» тамырына балта шабуға болар ма еді?

Әлбетте, бұл тек Жамбыл облысында болып отырған жағдай емес. Мұндай орталықтар бүгінде барлық өңір мен қалада ашылған. Мүмкін, республика бойынша жекеменшік мектептер мен орталықтарды тексеріп шығуды бір мекемеге жүктеген жөн болар. Сол кезде тек сапалы білім ошақтары қалып, қалғанына түсеу салынады. Одан ұрпақ ұтпаса, ұтылмасы анық.



## СҰХБАТ

28 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ

Оңайгүл ТҰРЖАН, ақын:

# Ол өлеңдерін ЖАТТАП АЛУҒА «МӘЖБҮРЛЕЙДІ»

Тұнық жырдың қайнарындай, ар-намыстың қайрағындай болған Фариза Оңғарсынованың поэзиясы миллиондардың жүрегін жаулағаны рас. Қазақ әдебиетіне ол бөлек жыр боп енді. Қазақ әдебиетінің абызы Әбіш Кекілбаев жыр падишасы туралы: «Маған Құрманғазы өлең жазса, өзіне қай жағынан да жақын тұрған Махамбетше емес, бүгінгі Фаризаша жазатын сияқты, ал егер Фариза аяқ астынан композитор боп кетсе, тап Құрманғазыша сілтейтін тәрізді боп көрінеді де тұрады» деген екен. Алғашқы өлеңдерімен-ақ әдебиетші қауымды елең еткізген Фариза Оңғарсынова биіктерге самғап, бүгінде тұтас ұлттың құрмет тұтып, қадірлейтін ақынына айналған. Тірі болса, биыл жыр маржанының 85 жасын тойлар едік. Амал нешік?! Ақын Оңайгүл Тұржан бізге бүгін поэзия падишасы туралы әңгімелеп берді.

— Фариза Оңғарсынова — көркем сөз майданында өзіне ғана тән ерекше қасиеттерімен ерекшеленген, қазақ поэзиясына жана леп әкелген жарқын тұлға. Айтынышы, ақынның шығармашылығы сіздің поэзияға деген көзқарасыңызға, шығармашылық өрлеу жолыңызға қалай әсер етті?

— Дәл осылай әсер етті деп, белгілі бір өлшеммен айту немесе сипаттау қиын. Әсер — өлшемге сыймайтын зат. Адам оны түсіндіріп те бере алмайтын шығар. Ақындық та түсініксіз әлемнің өзін ғана сезінетін шығармандарын шарлатып қоятын, елсізде ес жиғандай күй кешетін сәттерден тұрады. Ерте таңнан екіндіге дейін отырғызып қоятын да сәттері бар. Ақындықтан ада, қоғам кезген қарабайыр жандай күй кешетін кездері де болады.

— Сонда Фариза ақынның жыры сізге дәл сондай сәттерде әсер ете ме?

— Иә, негізінен осындай сәттерде.

— Мысалы?

— Сондай сәттерде «Бұ қалай болды?» деп, көш кеткен жаққа қарайлағандай халге түсіп қаласын ғой. Ондай тоқыраудан арылтып алатын парашотомол жоқ, аспири де жоқ ішіп жіберсем, жарқырап шыға келем дейтін. Сонда Фаризаны ашып қалсаң, найзағай жырлары жалт қаратады.

— Ол сонда шабыт бере ме, әлде сергіте ме? Қалай?

— Серпілтеді! Құла мидай шөлдерден өткен, адам жүрмес жерлерден өткен баяғы әулие-шайхы пірлердің сөздеріндей серпілтеді ол. Жаңа бір инсайттар алып келе бастайды көңіл төріне. Ой-сананда жаңа бір аккаунтар ашылғандай болады.

— Сосын өлең жаза бастайсыз ба?

— «Иә!» деу қиын. Өйткені өлең саулай жөнелмейді. Бірақ қазіргі визуалды қоғамның тұрғыны екенің есіңе түсіп, сөзі елпі, етегі желпі боп жүретін ортадан қашып бара жатасың.

— Қайда?

— Әрине, Фаризаның өткір жырларына! Мен ол кісінің қасында соңғы 25 жылдан астам уақыт бірге болдым ғой. Содан болар, шөлдеген сәтте құдыққа жүгіретін баяғының бәдәуілері құсап, бірден апайдың кітабына жармасам.

— Бұл не сонда, лирика ма?

— Лирика деген, әдетте жібек орамалдай есіліп тұрады ғой. Ал Фариза өлеңдерінен «жібек орамал» табу қиындау. Оның махаббат сезімдерінің өзі таудың бұлағындай екпіндеп бара жатады. Ондай динамикада бірденені жасырып отыру мүмкін болмай қалады шамасы.

— Бұл ол кісінің поэзиясының шынайылық сипаты дей аласыз ба?

— Фариза сезім шыңырауында жатқанның ештеңесін жасыра алған жоқ. Жұмбақтамады. Жасырынбақ ойнамайды. Бәрін айтты. Шынын айтты. Ол айтқаны сіздің айта алмай отырғаныңыздың дәл үстінен түседі.

— Оның қазақ әдебиетінде ерекше маңызға ие болуының да себебі осы ма?

— Солай шығар. Диагноз кою қиын. Өйткені оны тонометрмен өлшей алмайсыз, градусникке, сірә, көнбейді. Біздікі тек болжам ғана.

— «Поэзия падишасы» атанған көрнекті ақынның шығармашылығына арқау болған қандай тақырыптар бүгінге дейін қазақ қоғамында өзектілігін жоғалтпады деп ойлайсыз?

— Махаббат жыры қай заманда да өзекті. Және Фариза поэзиясының ерекшелігі — жырларының көпшілігі драмалық модельде. Бұл — өзгеше модель.

— Драма дегеніміз — шымылдығы ашылып-жабылатын сахнада ғана емес қой. Өлең жолдарының өзі де дәптердің бетін шымылдық қылып, әр бетін ашқан сайын, жаңа мизансценасымен баурайды. Ол жерден оқырман өзін де көреді.

— Драма болғанда, ол не...? Кейіпкерлері бар ма?

— Бар!

— Кімдер?

— Оның поэзиясындағы микродрамалар негізгі үш кейіпкердің орбитасында жүреді. Ақынның өзі және Х-адам және оқырман.

— Оқырман дейсіз бе?

— Иә! Оқырман болғанда да, ол жәй оқырман емес.

— Көркемдікке айналдырады. Шегіністің өзін шәрбаттай етеді.

— Рас!

— Оның ой-қиялының аспаны мен жері «күндіз айтсаң, түн болардай, түнде айтсаң, күн болардай» әсер береді.

— Шумақтардың арасындағы «горячие точки» деуге келетіндей микро-драмалар — нағыз өмірдің өрнегі.

— Тағы қандай ерекшелігін атап елініз?

— Тағы бір ерекшелігі — ол өлеңдерін жаттап алуға мәжбүрлейді. (Мәжбүрлейді дегенім — тырнақшаның ішінде).

— Ол қалай?

— Дүниенің қасіреті менше, ұғыса алмайтын жандардың, түсініскен боп жүргені» дейді ғой ақынның өзі. «Біз екеуміз «сыймаймыз» деуге келетіндей микро-драмалар — нағыз өмірдің өрнегі.

— Әр ақынның өз ерекшелігі бар ғой. Сол ерекшелігімен ол бәрімізге әсер береді. Оның жырлары кейде ызаланып, қабағын түйіп тұрғандай болады. Кейде еркелеп тұрады. Солардың астасып келуінен ерекше дәмділік пайда болады.

— Тілді үйіргендей. Дәл сізге арналып жайылған дастарқандай, ұзаққа дейін естен кетпейді.

— Алай қатал болған жоқ па?

— Жоқ! Өңі қатал сияқты көрінуі мүмкін. Оны өмірдің қалдырған іздері деп қарау керек. «Кінәм жоқ деп ақиқат қарғанбасым, Сызатып тұр жүректі арқорғасын... Қателесу керек те шығар, бәлкім, Кешіре алар бір жандар бар болғасын». Ол өзгелердің қателігін де осылай кешіре біледі. Оның жырлары сүрінгендерді де аялайды: «Қайтем, қатал тағдырға жүгіндім мен, аңғалдарды жылатқан, түңілдірген. Әлі сені қимаймын кінәлауға, өмір шығар сені де сүріндірген!» деп маңдайыңнан сипайды.

— Осындай жырларының өзінен-ақ ол кісінің мейірімі көрініп тұрады. Дегенмен?



— Дәл солай! Махаббаттың алдында қандай мықты иммунитеті бар адам болса да, оның жырларын оқыған адамның жүрегіне жүзімдей мөлдірлік орнайды. Жан-жағы түгел шуақтанып, қатып қалған сезімдері бұлақтанып бара жатады. Мына жарық дүниеге өкпе айту жүрмейтіндігін сезеді.

— Сіз қадір тұтқан ақынның өмірде ұстанған ең басты принципі қандай еді?

— Ол кісі тым момын, жігерсіз адамдарды ұната қоймаған сияқты.

— Негіз?

— Оларды өз несібісінен айрылып жүретіндер дейтін.

— Қандай тағамды жақсы көрді?

— Қандайын жақсы көрмеді деп сұрасаңыз, ыңғайлырақ болар еді жауап беруге.

— Иә, қандай?

— Балық жемейтін.

— Маньздысы неде сонда?

— Маньздысы — сенің жүрегіңде жұмақ орнағандай. Жүрегіңде жұмағы барлар — бұлар мейірімді және қайырымды адамдар. Фариза поэзиясының драмалық моделінің ықпалдылығы да, ерекшелігі де осында. Драма болғанда да қуатты және коммуникативті. Оқырманының өзін белсенді қылып алады.

— «Фариза — махаббатты жырлауда революция жасаған ақын» дейсіз. Оның революциялығы неде?

— «Фариза — махаббатты жырлауда революция жасаған ақын» дегенді алғаш рет тамаша дарын иесі, қазақтың кара өлеңінің Қасымы — Серік Ақсұңқарұлы айтқан. Махаббат болғанда да, тек екі адамның арасындағы махаббат сезімімен қарасақ, оны тым тар шеңберде түсінгендігіміз болып шығады. «Сүю дейтіні олардың — төсекте жатқан түндері. Бұл

— Here?

— Тіршілік иелерінің ішінде өздерін өздері жейтіндер — балықтар ғана дейтін.

— Мемлекеттік сыйлықтың иегері, драматург Роза Мұқанова ақынды ұлықтап, «Фариза» атты пьеса жазды. Қазір ол театр сахнасында қойылып жатыр.

— «Фариза» қойылымы ақынның ішкі әлемін ақтара көрсеткен психологиялық драма болды. Иірімі — теренде. Ақын мен ақынның, ақын мен ажалдың, ақын мен қоғамдағы әртүрлі ортаның түйісу, шарпысу сәттерін бейнелеген мықты туйынды.

— Бұл спектакль туралы да кезінде әртүрлі пікір айтылды. Біреу мақтады. Біреу сын айтты.

— Мұнда автор депутат болған немесе қайтыс болған ағасының 7 баласын өзі өсірген, кәдімгі ас ішіп, аяқ босатып жүрген пенде Фаризаны көрсетуді мақсат етпеген.

— Спектакль сізге ұнады ма?

— Ұнады. Автор ақын Фаризаны, жалпы ақындықтың ішкі болмысын, басқалардан өзгешелігін, көзге көрінбейтін арпалыс-сағыныш сезімдер образын құрған. Оның үстіне, пьесаны сахналаған режиссердің де өз ұстанымы, өз талғамы болады. Оның үстіне, пенденің образын беру қиын емес, ақынның образын түсіндіру қиын. Оның үстіне, көрерменнің көпшілігі пенде Фаризаны көреміз деп күткен сияқты. Сахнада пенде көп. Пенде еместер сирек.

— Болашақта өзіңізді де ол кісі туралы жазу жоспарыңызда бар ма? Ширек ғасыр бойы қасында жүргенде, бір-бірлеріңізге айтқан талай сырларыңыз бар шығар?

— Жазу-жазбауды уақыт көрсетер. Дегенмен болашақ авторлар ақындығымен қоса, бала өсіріп, отбасын құйттеген Фариза туралы да пьеса жазатын болар. Бұл өте күрделі тұлға ғой. Бұл — аңыз адам. Олай еді, бұлай еді деп, мен де ол кісіні бір анықтаманың ішіне сыйғызып айта алмаймын.

— Одан бөлек, қаламгерді есте қалдыратын қандай іс-шаралар жасалды?

— Астанада ол кісінің атында мектеп бар. Ол кісінің атында көше бар. Атырауда ескерткіш орнатылды.

— Ол ескерткіш туралы да кезінде әркім әртүрлі пікір айтқан жоқ па?

— Айта берсін. Онда тұрған не бар.

— Біреуге ұнады, біреуге ұнамады.

— Неге ұнамады деп ойлайсыз?

— Талғам әртүрлі. Ұнатпағанда, бұдан да жақсы жасауға болар еді деген ниетте айтылды. Әрине, шеберлікше шек болмайды. Әлі де талай ескерткіш қойылар ол кісіге. Қалай болғанда да Фариза ескерткіш болып тұрғелді. Тарихтың тұғырына қонды.

— Кезінде Фариза Оңғарсыновадан «Тұмар» журналының ахуалы жайлы сұрағанда, «Бұл журнал туралы Оңайгүлден сұрағаның дұрыс болар еді. Ыстығына күйіп, суығына тоңып келе жатқан сол ақын сілкім» деп жауап беріпті.

— Иә, ол кісі сырқаттанып жүрді де, жауапкершілікті менің алып жүріме тура келді. Сол кезде Әбіш ағаның (Кекілбайұлы) айтқан сөзі бар еді: «Фаризаның журналды саған сеніп тапсырғаны — бұл тапсырма ғана емес, бұл — статус» деген.

— Фариза апамыз қалдырған осынау мұраның қазіргі жай-күйі қалай?

— Журнал шығару мәселесі қиындап кетті ғой. Қаражат табу қиын. Қазір қиындығына қарамастан ол журналды ақын Әлия Дәулетбаева шығарып жүр.

— Электронды журналға айналдырамыз ба деген де ой бар.

— Махаббат жыры қай заманда да өзекті. Және Фариза поэзиясының ерекшелігі — жырларының көпшілігі драмалық модельде. Бұл — өзгеше модель. Драма дегеніміз — шымылдығы ашылып-жабылатын сахнада ғана емес қой. Өлең жолдарының өзі де дәптердің бетін шымылдық қылып, әр бетін ашқан сайын, жаңа мизансценасымен баурайды. Ол жерден оқырман өзін де көреді.

— Фариза ақын туралы тағы не айтар елініз?

— Фариза жырлары уақыт өткен сайын өткірленіп бара жатқан сияқты.

— Жүрмес болды адамдар, тұлғамды менің шатасып басқаға танып,

жасықтар жүрсін, кездессе, жаскана калып.

Несіне жүрем әйтпесе кара жерде мен,

жиырмасыншы ғасырдың жас шағы атанып!... — деп жазғаны бар. Жиырмасыншы ғасырдың жас шағы болған Фариза ақын XXI ғасырдың да жас шағы. XXII ғасырда да солай бола беретіні анық қазақ аман болса!

— Әсерлі әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан

Гүлзина БЕКТАС



Елдар КАБА (коллаж)

— Жәй оқырман емес дегеніміз қалай?

— Ол оқырмандар — ылғи ғашық болып жүргендер. Ол оқырмандар өте көп. Фаризаның махаббат жырларын жатқа айтатындар да солар. Оның махаббат жырының бәрі драмаға құрылған.

— Драма деген шиеленістерден тұрмай ма?

— Шиеленістің көкесі де сол жерде, шегіністің шермендесі де сол жерде. Оны бастан өткергендердің бәрі біледі. Сіз де бастан өткердіңіз. Фаризаның асқак та аксүйек жырлары шиеленістің өзін

— Жооқ, ол ешкімге «жатта» демеіді.

— Өлеңнің өзі ішкі әлемінді аралап, тіпті оны жазған өзін сияқтанып кетесің. Фаризадағы сезім саған көшкендей болады. Ол сезім онкі емес, сенікі сияқтанып, әлгі өлеңді іштей иеленіп аласың. Өйткені ол дәл сенің айтқын келгенді айтып тұрады.

— Расымен де солай! Не құдірет сонда?

— Әлгі өзіңіздің Х-адамьыңызға «мен сізді ұнатамын» дейсіз, «сізді ойлаумен атады бұла таңым», — дейсіз. Ол оны ести ме, естімей ме — ол маньзды емес.



# ТЕРІ ТЕККЕ ШІРУДЕ...

Мал шаруашылығынан мән кетіп, асылтұқымды малдың өзі жаппай сойылып жатқанын өткен сандарымызда жазғанбыз. Малдың етінен бөлек тері-терсегі мен жүнінің де, өкінішке қарай іс жүзінде сұраныстың болмауынан өңделмей, көп бөлігі қоқысқа кетіп жатқаны ащы болса да шындық. Осыған дейін аз-мұз болса да сойған кезде тиын-тебен етіп өткізетін терісін қазір ешкім керек қылмайтын болған. Қажеті болмаған соң жарамсыз тері-терсек пен малдың биязы жүні де қоқыс полигондарында тегіліп, іріп-шіріп жатыр...

## Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Мал басын көбейтуге барынша көңіл бөлгенімізбен, Қазақстанда ірі кара мен ұсақ қой-ешкінің де терісін қайта өңдеу саласы мүлдем құлдырап кеткен. Сойылған теріні тұздап, илеп түрлі былғары тон мен аяккіім, сондай-ақ жүннен тоқылған киім-кешектер тігетін кәсіпорындар жоқтың қасы. Шикізат молынан болғанымен, өңдеу өнеркәсібіне назардың аударыл-

«Тері өңдеумен айналысатын салада жалпы қуаты жылына 3,3 млн дана ірі кара терісі және 3,1 млн дана ұсақ мал терісін өңдейтін 9 кәсіпорын жұмыс істейді, алайда олардың жүктемесі 6%-дан аспайды. 2023 жылы өндірілген 3,5 млн дана ірі кара терісінің тек 6%-ы, яғни 208 мың дана өңдеуге жіберілген, 10%-ы (348 мың дана) экспортталған, ал қалған 84%-ы 2,971 мың данасы өңделмей қалған. Ұсақ малдың 8,1 млн дана терісі өндірілген. Оларды сұраныс болмауына байланысты

Тері өңдеу саласындағы тұралаған жағдайды қайта оңалту мақсатында 2012 жылы құрылған тері өңдеушілер қауымдастығының төрағасы Нұрман Нүптекеев бұл уәждермен келіспейтінін атап өтті. Оның айтуынша, елімізде 2 миллион терінің коқысқа төгілетіні және миллиардтаған шығын әкеліп жатқаны шындыққа мүлдем жанаспайды. Өйткені елдегі тері өңдеу саласындағы кәсіпорындар мен зауыттарда тәулігіне мың нағандан тері өңдеу қауқары бар. Олар тері өңдеумен жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді. Қауымдастық төрағасы тері өңдеу саласын дамытуға жылдар бойы нақты кешенді жұмыстар жүргізу жөнінде кеңес бергенімен, саланы дамыту өлі де болса назарға алынбай келетінін айтады.

— Мал терісін өңдейтін Семей, Алматы, Шымкент, Қордай, Тараз сияқты тері илеу-өңдеу зауыттары бар. Бұлар тәулігіне 1 мың тері илейді. Жалпы, барлық зауытты қосқанда шамамен 1 миллион 800 мың дана теріге дейін жыл сайын өңделіп жатыр. Бірақ 2 миллион дана тері төгіліп, 7 миллиард теңгеден астам шығынға батты



мауынан әрі колдаудың болмауы саланың мүлдем тоқырап, бәсекеге қабілетсіздігін көрсетіп, елдің толықтай импортқа тәуелділігіне әкеліп соққан.

Жақында Парламент Сенатында өткірі мәселе тағы бір мәрте ашық көтерілді. Сенат депутаты Әли Бектаевтың келтірген дерегіне сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын 2 миллионнан астам ірі кара мал терісі өңделмей қалады. Яғни, осыныша малдың терісі түйгелді коқыс полигондарына атарып тасталып жатыр. Депутаттың айтуынша, қазір тек мал терілері мен жүнінің кәдеге жаратып өңделмеуінің салдарынан еліміз жыл сайын 7 миллиард теңгеден астам шығынға батады.

— Бүгінде елімізде өндірілген жүннің тек 21 пайызы ғана қайта өңделеді. Сондай-ақ 12-13 пайыз тері, яғни 2 миллионнан астам ірі кара малдың тері-терсегі мүлде өңдеусіз қалып жатыр. Әрине, олардың бәрі көп жағдайда коқысқа төгіледі. Бұл ел экономикасына жыл сайын шамамен 7 миллиард теңгеден астам тікелей шығын келтіріп отыр. Мұндай шығындар ежелден мал шаруашылығы шикізатына ұқыпты қарау маңызды болған қазақстандықтардың дәстүріне сәйкес келмейді, — деп атап өтті Әли Бектаев.

Сенатта өткен жиын барысында мал терісін өңдеу саласына қайта қан жүгірту үшін заңнамалық шаралар қажеттігі, қосымша субсидия қарастыру жайы қаралды. Сенаторлар саланы заңнамалық қолдау және шикізатты терең өңдеуді ынталандыру үшін заң нормаларын қайта қарауды ұсынады.

Бұл уәжбен Ауыл шаруашылығы министрлігіндегілер де келіседі. Құзырлы сала өкілдерінің мәліметінше, Қазақстанда ірі кара мен ұсақ қой-ешкі терісін өңдейтін зауыттар жұмыс істегенімен, олардың іс жүзіндегі жүктемесі бар-жоғы 6 пайыздан аспайды. Министрліктің Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу департаментінің директоры Н.Хатепованың мәліметінше, елде сұраныстың болмауынан мал терілерінің басым бөлігі өңделмей қалады.

өңдеу және экспорттау жүзеге асырылмаған», — дейді департамент директоры Назгүл Хатепова.

Министрліктің дерегіне, ірі кара және ұсақ мал терісін өңдеуге бағыттау үшін экспорттық баж салығы тоннасына 200 еуро мөлшерінде қолданылады. Алайда бұл шара өңдеу үлесін арттыруға ықпал етпейді, өйткені мәселе шикізат сапасының төмендігінде, оның көп бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтардан алынған және отандық өңдеуші кәсіпорындар мен экспорттаушылар талаптарына сәйкес келмейді.

«Мұндай өндірістерді дамыту үшін 2022 жылдан бастап инвестициялық субсидиялау ережелерінде жоба құнының 25%-ын өтеу қарастырылған», — дейді Назгүл Хатепова.

Құзырлы министрлік өкілі тері мен жүн өңдеуде шикізат сапасының төмендігі басты мәселе екенін атап өтті. Оның айтуынша, жүн өңдеу саласында да дайын өнімге дейін елімізде төрт кәсіпорын ғана жеткізе алады. Қалған қанша заманынан қалған кәсіпорындар жаңғырту қажет етеді. Кәсіпорындардың қуаты жылына 36,1 мың тонна жүн өңдеуге қуатты болғанымен, олардың жүктемесі де 26 пайыздан аспайды. Бұған бірінші кезекте шикізат сапасының төмендігі ықпал етіп отыр.

Айта кетсек, осы жылдың 28-29 қазанында Мемлекет басшысының Моңғолияға сапары аясында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Моңғолияның Ауыл шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп министрлігі арасында тиісті меморандум қол қойылған еді. Аталған меморандум елдер арасында тері мен жүнді өңдеуді дамыту, кәсіпорын мамандарын даярлау, тері мен жүнді терең өңдеуге инвестициялар тарту бойынша тәжірибе алмасу, ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеуді басқару жүйесін, механизмін, стандарттарын, сынақ әдістерін, зертханалық мүмкіндіктерін құруға немесе жетілдіруге өзара көмек көрсетуді көздейді. Бірақ түйткілді фактор Қазақстандағы аталған мәселені тұралаған қалпынан тұрғыза алар емес.

деген сөз жалған. Әрине, шикізаттың қазір сапасының тым төмендігі, басқа да факторлардың ықпал етіп жатқаны рас. Субсидия бөлінесе, оны кейін тексеріп, оның да шаруасы шатқаяқтаған шаруаға аса ауыр тиеді. Сондықтан өңдеу өнеркәсіптеріне пайызы төмендеу несие бергені әлдеқайда тиімді болар деп ойлаймын, — дейді Нұрман Нүптекеев.

Қауымдастық төрағасы саланың дамуын тежейтін бірнеше факторды алға тартты. Оның айтуынша, негізінен мал терілерін сою кезінде дұрыс сойылмай, терінің пышақпен көп кесіліп кетуі, алғашқы теріні өңдеу, илеуге дұрыс назар аударылмауы, жалпы қоғамның мал терісін бағасы арзан деп теріге көңіл бөлмей, кәсіпорындарға қалай болса солай жеткізуі саланың дамуын тежейді. Дегенмен терінің басым бөлігі акуыз, желатин өндіруге, қалған бөлігі тері былғары өнімдерін өңдеуге бағытталған. Барлығын қосқанда, шамамен 70 пайызға дейін тері өңделіп жатыр. Сапалы тері шикізаты өте аз, сондықтан бұл саланы дамыту үшін кешенді бағдарлама жүзеге асырылуы тиіс, — дейді ол.

— Бізге басқа көршілес елдер тек шикізаттың көзі ретінде қарайтын болған. Сондықтан өзімізде өңдеу саласын жолға қоймасак, ештеңе өзгермейді. Өзбекстанда мал сою қасапханаларында ғана мал сойылып, терісі бірден өңделеді. Бізде мұндай шаруаға назар аударылмаған. Терінің бағасы қазір келісіне 50 теңге мен 180 теңге аралығында. Бұл мал бағушыларға ұнамай, терісін өткізгісі келмейді. Бірақ одан артық баға ұсынуға келмейді. Өйткені терінің сапасы төмен, — дейді Нұрман Нүптекеев.

### P.S:

Қалай дегенмен де, түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға өндіріс орындары мен фермерлер арасындағы ортақ мүдде жолындағы байланыстың жоғы байқалады. Сондықтан ел экономикасына үлес қосуға тиіс аса маңызды саланың суалған тамырына қайта қан жүгірту үшін іргелі реформа жасалып, кешенді шаралардың жүзеге асырылғаны жөн деген ойдамыз.



# КҮЙДІРГІ КҮЙДІРІП БАРАДЫ

Атырауда бір адамнан сібір жарасы анықталды. Қатерлі инфекцияны жұқтырған адам сібір жарасы анықталған «Асыл агро» мал базарында қасапшы болып жұмыс істеген. Онымен қоса, ауру малды тасымалдаған тағы 16 адам дәрігерлердің бақылауында.

## Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

«Зертханалық талдау нәтижелері бойынша мал сою пунктіндегі бір жұмысшысынан тері сібір жарасы диагнозы расталды. Наукас ауруханада жатыр. Оған бекітілген медициналық хаттамаға сәйкес емдеу жүргізу қолға алынды. Қазір оның жағдайы тұрақты. Өзге адамдардан аурудың белгілері әзірге байқалмады», — деп хабарлады Атырау облысы әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Жұмағазиев.

Руслан Жұмағазиевтің айтуынша, «Асыл-Агро» шаруа қожалығының мал сою пункті аумағында 20 қарашада карантин енгізілді. Оған өлген сиырдан сібір жарасының анықталғаны себеп болған. Қазір инфекция ошағында санитарлық және ветеринариялық нормаларға сәйкес жұмыстарды жүргізу жалғасып жатыр.

«Ветеринариялық бақылау мамандары карантин аумағында тұрған малдың барлығын толық вакциналауды аяқтады. Бұл аумақта дезинфекциялау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сібір жарасы ауруының анықталуына байланысты Атырау облысына ірі кара мал әкелуді бақылау үшін төрт полиция және ветеринарлық бақылау бекеті орнатылды. Мал әкелушілерден егу жүргізілгенін растайтын құжаттар талап етіліп, малдың жағдайы тексеріліп, термометрия жүргізілуде. Санитарлық қауіпсіздік мақсатында осындай шаралар Атырау қаласындағы мал сою пункттерінде де ұйымдастырылды. Ветеринариялық құжаттарсыз малды тасымалдауға және союға қатаң тыйым салынды», — деп нақтылады спикер Р. Жұмағазиев.

Күні кеше «Асыл агро» базарында тағы да мал өлімінің екінші дерегі тіркелді. Қазір ол малдың Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылынан әкелінгені анықталып отыр. Жануардың нақты қандай дерттен өлгені белгісіз. Дегенмен сынама алынды.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің мәліметінше, сібір жарасына күдікке ілінген малмен бірге Оралдан 10 жануар әкелінген және оның сегізі сойылып кеткен. Алайда атыраулық атқамінерлер бұл ақпараттан бейхабар болып отыр. Дегенмен бұл мәліметті «Асыл агро» мал базарының әкімшісі Әбу Құлбасов растады.

«Ауру шыққан мал көршілес Батыс Қазақстан облысынан әкелінген болатын. Сол малмен бірге тасымалданып жеткізілген малды иесі тиіп, қаладағы басқа базарларға алып кетті. Атырауда «Асыл агродан» бөлек, мал сатумен және союмен айналысатын 4 базар бар ғой. Қалған сиырлар сойылып кеткен болар деп ойлаймын. Сондықтан «Асыл агро» базарын ғана карантинге жабу жеткіліксіз», — дейді «Асыл агро» мал базарының әкімшісі Әбу Құлбасов.

Еске сала кетсек, сібір жарасы анықталған мал көршілес Батыс Қазақстан облысы Жанқала ауданы Жанаказан ауылынан әкелінген болатын. Базар қызметкерлері 12 қараша күні таңертең өліп жатқан малды көріп, ветеринар шақырыпты. Қазір мал күтіміне араласқан адамның барлығы медициналық бақылауға алынып отыр. Аумақта дезинфекция жасалып, базардағы өзге мал толықтай карантинге жабылды.

Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Альмира Сабырғалиеваның пікірінше, сібір жарасы адамнан адамға жұқпайды.

«Бұл инфекциялық ауру ірі қарамен жылқыдан, қой мен ешкіден тарайды. Сібір жарасының қоздырғышы адам ағзасына негізінен зақымдалған тері арқылы, тыныс алу жолдарының немесе асқазан-ішек жолдарының шырышты қабаттары арқылы түседі», — деп мәлім етті Альмира Сабырғалиева.

Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысы Амангелді Сағидоллахановтың айтуынша, жалпы Атырау облысы бойынша үй жануарларына сібір жарасына қарсы екпе салуға 19 миллион теңгеден астам қаражат бөлінеді.

«Сібір жарасына жылына бір рет вакцина салынады. Қазір карантинге жабылған базардағы малдың аталған вакцинамен егілген-егілмегенін анықтау жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен бірге «Асыл агро» базарында өлген екінші малдың Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылынан әкелінгені анықталған болатын. Қазір малдан сынама алынды, сараптама қорытындысы жақын арада шығады. Қатерлі инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында Сүйіндік ауылындағы үй жануарларының сібір жарасына егілген-егілмегенін анықтау жұмыстары жүріп жатыр», — деді Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысы Амангелді Сағидолла.

Ветеринар мамандарының айтуынша, Атырауда бұған дейін сібір жарасы соңғы рет 1979 жылы тіркелген. 1997 жылы қатерлі дерттің белгілері болған, бірақ нақтыланбаған. Бүгінде карантинге жабылған базарда және облыс орталығындағы мал сою пункттерінде сақтық шараларын ұйымдастыруға Ветериналық бақылау және қадағалау комитеті, Санитарлық эпидемиологиялық санитарлық бақылау басқармасы, ветеринар мамандар қосымша жұмылдырылып жатыр. Әзірге қаланың карантинге жабылатыны немесе жабылмайтыны белгісіз. Эпидемиологиялық ахуал нашарласа, карантин шаралары күшейтіледі. Қазір Атырауда сібір жарасына байланысты «Асыл агро» мал базары қатаң карантиндік режимге жабылды. Карантин 8 желтоқсанға дейін жалғасуы мүмкін.

Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиевтің айтуынша, бүгінде Атырауда сібір жарасына байланысты арнайы жұмыс тобы құрылған.

— Сібір жарасынан күні бүгінде дейін үш сиыр малы өлді. Базардағы басқа малдың барлығына профилактика үшін сібір жарасына қарсы вакцина салынды. Базардағы инфекция ошағын жою үшін ол жерде қазір арнайы мамандар карантин жағдайында жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ базардың өзі таза және лас аймаққа бөлінді. Бүгін «таза аймаққа» малдың барлығы толық көшірілді. Жануарлардың дене қызуын, жағдайын бақылау шаралары таза аймақта жалғаса береді. Атырау қаласы бойынша өзге де мал базарларынан және ет сату дүкендерінен сынама алу жалғасуда, — деп нақтылады Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев.

Белгілі болғанындай, бұған дейін сібір жарасын жұқтырған қасапшы инфекциялық ауруханада ем алып жатыр. Оның өзбек азаматы екені анықталды. Ауру малдың тасымалымен, күтімімен айналысқан тағы 16 адам және инфекция ошағында жұмыс істеп жатқан маманның барлығы дәрігерлердің бақылауына алынды.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

**Сатып алуы ұйымдастырушы:** Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

**Сатып алуың әдісі:** университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде университетке қарасты факультеттердің оқу-өндірістік және қызметтік қажеттіліктеріне байланысты қосымшаға сәйкес тауарларды сатып алу.

**Сатып алуың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі:** тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5 % мөлшеріндегі қаражаттың төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 18.12.2024 (12:00), №201 кабинет.**

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан К.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.



28 ҚАРАША 2024 | БЕЙСЕНБІ



## «САРМАТ» - ЖАС САРБАЗДАР ОРДАСЫ

Атырау өңірінде әскери-патриоттық бағытта білім беретін «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының жұмысын бастағанына биыл екінші жыл. Бір жыл ішінде өзін ерекше жетістіктерімен танытқан мектепте биыл оқушылар саны айтарлықтай өсіп отыр. Бір кездері Шоқан Уәлиханов білім алған әйгілі Сібір-кадет корпусының қазақы, заманауи үлгідегі баламасы деуге болатын «Сарматқа» арнайы барып, әскери-патриоттық мектептің ахуалымен танысып қайттық.

**Баян ЖАНҰЗАҚ,**  
Атырау облысы

Быттыр мектеп жана оқу жылын 136 жас сарбаздан бастаған еді. Биыл мектептегі оқушылар саны 256-ға жеткен. Мектеп-лицей-интернатының директоры Нұрлан Елеуовтің айтуынша, білім ордасына оқушылар 7-сыныптан бастап қабылданады.

«Батыс өңірлік қолбасшылығы гарнизоны, Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаменті, Атырау облысы Полиция департаменті, Шекара дивизионы, «Жас сарбаз» республикалық қозғалысы және Атырау облысы Ішкі саясат басқармасымен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Мектепке оқушылар арнайы тест арқылы іріктеуден өтіп, қабылданады. Бұл жерде болашақ әскерилер, полицейлер, шекарашылар білім алып жатыр. Біз жас сарбаздардың бойына тәрбие, білім, рухани құндылықтар деп аталатын үш негізгі триаданы сіңіруге тырысамыз», — деді аталған білім ордасының директоры Нұрлан Елеуов.

Нұрасыл Талғатов — «Сармат» мектебінің 9-сыныбында оқып жатқан жас сарбаз. «Қарапайым мектепке қарағанда бұл жерде мүмкіндіктер өте көп. Тәртібім, сабақ үлгерімім жақсарды. Болашақта Ішкі істер саласында еңбек еткім келеді. Мен үшін қазір әр сабағым мазмұнды өтіп жатыр. Мұғалімдердің, тәрбиешілердің оқушылармен қарым-қатынасы ерекше. Осы мектепке келгені Ақтөбе, Орал қалаларынан, Махамбет ауданынан достар таптым. Ажырамас бауырдай болып кеттік. «Сармат» мектебінің шәкірті болғаным үшін өзімді мақтан етемін», — дейді Нұрасыл.

Наркес Қайырлиев «Сармат» мектебінің 7-сыныбында білім алып жатыр. «Осы оқу орнына түсу үшін бір жыл дайындалдым. Болашақта еліме адал қызмет ететін әскери болғым келеді. Мектепте біздер үшін арнайы тәрбиешілердің бекітілгені қуантады. Тәрбиеші ағай, апайларымыз біздердің ата-анамыздан алыстаған



жана өмірге бейімделуімізге көмектесіп отыр», — дейді ол.

Қайсар рух, ерекше ерік-жігер, адалдық пен ер мінез ұранына айналған жас сарбаздардың бірі — Мадияр Серік өз калауымен әскери мектепке оқуға түсіпті. Мақсаты болашақта Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері болу екен.

— Әскери адам болу — арманым. Кешегі арман — бүгін айқын мақсатқа айналып, өз ретімен орындалады деп сенемін. Әскери қызметкердің бойында міндетті түрде ерлік, патриоттық сезім, яғни туған елді қорғау деген сезім болуы керек. «Генерал болуды армандамаған солдат — солдат емес» дегендей, мен де сардар атанып, қызметтің ең биік шыңын бағындырғым келеді, — деді жас сарбаз.

Шетінен сайдың тасындай іріктеуден өткен жас сарбаздар әрісі Шығыс Қазақстан, берісі Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облысының шалғай



аудан, ауылдарынан келген. Әскери тәртіп, рухани тәрбие және сапалы білімді мақсат етіп қойған мектепте ұстаздардан бөлек, тәрбиешілер де қызмет көрсетеді. Әр сыныпқа бір-бір тәрбиешіден бекітілген.

Әлихан Жұмахмет мектеп-лицей-интернатының тәрбиешісі болып еңбек етеді. «7-сыныпқа әдетте екі тәрбиеші қызмет етеді. Әйел тәрбиешілер балалардың мектепке бейімделуіне жағдай жасап, жас сарбаздың анасы, апасы ретінде көмек көрсетеді, ұйқыдан тұрғанынан бастап, кешкі сабақтарын орындағанға дейін жауаптымын. Түнгі кезекшілер ауысыммен келіп, балалардың жағдайын қадағалайды. «Сармат» мектебінде биыл 14 сынып бар, барлық сыныпқа тәрбиеші бекітілген. Әскери тәрбиеден бөлек, оқушылар спорттық, қосымша өнер бағыттарында үйірмелерге қатысуда», — дейді ол.

Қазіргі уақытта «Сарматта» жаратылыстану-математика бағытындағы физика, биология, химия, география пәндері тереңдетіліп және әскери-бейіндік пәндер оқытылады. Қосымша спорт, алғашқы әскери дайындық, би, ән, домбыра сынды үйірмелері бар.

Үш қабатты мектептің заманауи үлгіде жабдықталған жатақханасы, асханасы бар. Арнайы форма, киім-кешек, 5 мезгіл тамақпен қамтамасыз етіліп отырған мектепте пәндік сыныптардан бөлек, әскери дайындық үшін арнайы жаттығу алаңы, заманауи зертханалар мен кітапхана қызмет көрсетуде.

Осыдан біраз бұрын Алматы қаласында Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағдат Нұрмағанбетовтың 100 жылдығына арналған «Айбын—2024» Х Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны өткен болатын. Әзербайжан, Беларусь, Кыргызстан, Ресей, Өзбекстан және Қазақстанның аймақтарынан әскери-патриоттық клубтардан 50 команда қатысқан жиында Атырау облысының намысын Хиуаз Доспанова, «Батыс» әскери-патриоттық клубының тәрбиленушілері және «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей интернатының оқушылары қорғады. Аталған әскери-патриоттық жиында «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей интернатының оқушылары жалпы командалық есепте пневматикалық винтовка атудан — II орын, әскерлендірілген эстафетадан I орынды иеленді. Бір Қазақстан ғана емес, әлемнің бірнеше мемлекеті қатысқан бәйгеде топ жарған сарматтықтар жеңісі — Атырау өңіріндегі әскери бағыттағы алғашқы мектептің сан емес, сапа үшін жұмыс істеп жатқан білім ордасы екенін көрсетеді.

«Алғашқы оқу жылы бізге аяққа нық тұруға, сеніммен жаңа бастамаларды іске асыруға мол мүмкіндіктер сыйлаған жыл болды. Оқу жылын 54 пайыз білім көрсеткішімен аяқтап, оқушыларымыздың потенциалын, жалпы мектебіміздің мүмкіндіктерін облысқа жақсы таныттық. Жаңа оқу жылы бұдан да белестерге толы болатынына сенемін», — деді мектеп директоры Нұрлан Елеуов.

Қалай десек те, мұндай әскери бағыттағы мектептерді ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтуға бағытталған кешенді бағдарламаның негізгі бөлігі ретінде қарастыра аламыз. Себебі бүгінгі жас ұлан — еліміздің қауіпсіздігін қорғайтын ертенгі сарбаз.

## МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАРКА

Қазпошта Халық артисі Бибігүл Төлегенованың мерейтойына арналған пошта маркасын жарыққа шығарды.

«Ұмытылмас және мерейтойлық даталар» сериясының Қазақстанның әйгілі опера әншісі және актриса Бибігүл Төлегенованың 95 жылдығына арналған ерекше пошта блогын назарларыңызға ұсынамыз.

Пошта маркасында шығармашылығы өскелең ұрпақты шабыттандырып және тәрбиелеген, қазақстандық музыкалық мәдениеттің дамуына айтулы үлес қосқан ерекше өнер иесі Бибігүл Ахметқызының образы бейнеленген», — делінген ведомство хабарламасында.

Шығарылым формасы — бес маркадан тұратын пошта блогы, әр марканың номиналы — 450 теңге, ал жалпы тиражы — 5 000 дана.



«Бибігүл Ахметқызына пошта маркасына белгі қою рәсіміне қатысқаны үшін алғыс білдіреміз. Бұл — біз үшін және бүкіл Қазақстан мәдениеті үшін айтулы оқиға», — деп жазылған ақпаратта.

## АЛАНЫҢ БӘСІ БАСЫМ ТҮСТІ

Үстел теннисінен Қазақстан құрамасының спортшысы Алан Құрманғалиев Хельсингборгтағы (Швеция) жастар арасындағы әлем чемпионатында кезекті мәрте жеңіске жетіп, 1/8 финалға жолдама алды.



Ұлттық олимпиада комитетінің мәліметінше, аталған әлем біріншілігінің алғашқы айналымында Құрманғалиев камерундық спортшы Юлэйн Батиксені қапы қалдырды. 27 қарашада отандасымыз 1/4 финалға шығу үшін Германия елінің өкілі Андре Бертельсмайермен шеберлік байқасады. Айта кетейік, қазақстандық спортшылар арасында әлем чемпионатына Алан ғана жолдама алған болатын.

## ЖАС ШАХМАТШЫЛАР ТОП ЖАРДЫ



Қазақстандық жас шахматшылар Италияда өткен әлем чемпионатында топ жарып, жалпыкомандалық есепте көш бастады.

Италияның Монтесильвано қаласында шахматтан қалеттер арасында (U8-U12) әлем чемпионаты аяқталып, жас шахматшыларымыз ерекше жеңіспен көзге түсті. 10 жасқа дейінгі шахматшылар арасында әлемнің үздік 100 шахматшысы бақ сынасып, Аланна Берікқызы әлем чемпионы атанды. Ол 11 турдың нәтижесінде 9,5 балл жинады. Аланна Берікқызы былтыр Грекияның Родос қаласында 9 жасқа дейінгі санатта классика-

лық шахматтан әлем чемпионы атанған.

Ұлар арасында (U12) Марк Смирнов ең көп ұпай жинап, бас жүлдеге қол жеткізді. Оның еншісінде 11 турдан кейін 10 ұпай бар. Тағы бір отандасымыз Ханзада Аманжол 12 жасқа дейінгі санатта күміс жүлдегер атанды. Жалпыкомандалық есепте Қазақстан командасы 2 алтын, 1 күміс жүлденің арқасында 1-орын алса, Қытай шахматшылары 2-орынға (2 алтын, 1 қола) тұрақтады. Ал үздік үштікті Үндістан 1 алтын, 1 қола медальмен түйіндеді.

Айта кетейік, Апенин түбегіндегі чемпионатта 77 елден келген 710 ойыншы шеберлік байқасты.

**NUR MEDIA**  
МЕДИЯ ХОЛДИНГІ

**AIQYN**

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАБСАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4527

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқажов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,